КОРЕЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ БІРЛЕСКЕН КАТАЛОГ
СОВМЕСТНЫЙ КАТАЛОГ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ӘМІРШІЛЕРІНІҢ АЛТЫНЫ

# ЗОЛОТО ВЛАСТЕЛИНОВ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ



Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

National Research Institute of Cultural Heritage
Republic of Korea

КОРЕЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ БІРЛЕСКЕН КАТАЛОГ
СОВМЕСТНЫЙ КАТАЛОГ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ӘМІРШІЛЕРІНІҢ АЛТЫНЫ

# ЗОЛОТО ВЛАСТЕЛИНОВ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

National Research Institute of Cultural Heritage
Republic of Korea

## Сондай-ақ басылымда келесі ұйымдардың фотоматериалдары пайдаланылды:

Кёнджу ұлттық ғылыми-зерттеу институты

Кёнджу ұлттық музейі

Конджу ұлттық музейі

Самсунг Лиум өнер музейі

Синьцзян археология институты

Шэньси провинциясының археология институты

Мемлекеттік Эрмитаж

Азов тарихи, археологиялық және палеонтологиялық музей–қорығы

Ставрополь өлкетану музейі

Метрополитен–музейі

## Қосымша

1. Бұл кітапты Корея Республикасының Ұлттық мәдени мұраларды зерттеу институты мен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі арасындағы «Көркемдік мұра бұйымдарын қазақ–корей бірлесе зерттеулерін жүргізу туралы» 2016 жылғы келісімге сәйкес басып шығару жоспарланған. Ол «Қазақстанның тас үйінділі обаларынан табылған алтын зергерлік бұйымдарды бірлесе зерттеу» жобасы аясындағы қорытынды еңбек. Мәтіндер 3 тілде – кәріс, қазақ және орыс тілдерінде дайындалды. Аталған томға қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндер енгізілді.
2. Кітап 5 бөлімнен тұрады: I. Шолу, II. Ескерткіштер, III. Жәдігерлер Топтамаларының Сипаттамасы, IV. Мақалалар, V. Қосымшалар. Негізгі бөлімде Қазақстан аумағындағы ең маңызды ескерткіштер мен материалдардың сипаттамалары келтірілген. Негізгі бөлімдегі жәдігерлердің топтамалары туралы сипаттамаларда іргелі ескерткіштерден немесе онымен байланысты кешендерден табылған мәліметтер туралы ақпараттар қамтылған. Бұйымдардың барлық сипаттамалары олардың орналасуы, мәдени және хронологиялық үлестері туралы ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Сараптамалық бөлімге зерттелген ескерткіштер мен бұйымдардың жан–жақты кешенді талдау нәтижелері жазылған мақалалар енгізілді. Қосымшада зерттелген жәдігерлер мен сілтемелер тізімі берілді.
3. Негізгі бөлімдегі жеке жәдігерлердің сипаттамалары корей мамандарының Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорында жұмыс жасау барысында жазылды. Сондай–ақ, жәдігерлердің суреттерін Корея Республикасының Ұлттық мәдени мұраларды зерттеу институтының фотосуретшісі түсірді. Әрбір жәдігер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған бұйым табылған ескерткіш, бұйымның жасалған шикізаты мен мерзімдемесі, сондай–ақ сипаттамасы туралы мәліметтермен қамтылған. Егер бұйымның мерзімдемесі жайлы қазақ және корей зерттеушілері екі түрлі көзқараста болған жағдайда, ол мәтіндік түсіндірмеде көрсетілді.
4. Қазақ зерттеушілері жазған мәтіндердегі фотосуреттер авторлардың өздерінен алынды.

# МАЗМҰНЫ

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ ........ 4
«ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ӘМІРШІЛЕРІНІҢ АЛТЫНЫ» АТТЫ КІТАПҚА АЛҒЫ СӨЗ ........ 6
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ ........ 10
АЛҒЫ СӨЗ ........ 12
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕСТЕЛЕР ........ 14
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ КАРТАСЫ ........ 16

## I. ШОЛУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОБАЛАРДАН ТАБЫЛҒАН АЛТЫН ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫ БІРЛЕСЕ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚАЗАҚ–КОРЕЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ........ 22
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ ТУРАЛЫ ........ 30

## II. ЕСКЕРТКІШТЕР

01. ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ҮЛКЕН САҚ ОБАЛАРЫ МЕН САРМАТ ҒИБАДАТХАНАЛАРЫ ........ 38
02. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАСМОЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЭЛИТАЛЫҚ ОБАЛАРЫ ........ 68
03. БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛА ӘМІРШІЛЕРІ (Ж.С.Д. VI ҒАСЫР АЯҒЫ–IV ҒАСЫРЫ) ........ 100
04. МӘҢГІ АЛТЫН ШҰҒЫЛАЛЫ ӘЙЕЛ ........ 132
05. АРАЛТӨБЕ ........ 156
06. БЕРЕЛ ҚАЗЫНАСЫ – БАБАЛАРДЫҢ ҰЛЫ МӘДЕНИ МҰРАСЫ ........ 170
07. ШІЛІКТІДЕГІ БӘЙГЕТӨБЕ АЛТЫН ОБАСЫ ........ 192
08. ЖЕТІСУДАҒЫ САҚ ХАНЗАДАСЫНЫҢ ОБАСЫ ........ 212

## III. ЖӘДІГЕРЛЕР ТОПТАМАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ ........ 234

## IV. МАҚАЛАЛАР

01. САҚТАРДЫҢ АЛТЫН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ........ 376
02. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ МЕТАЛДАРЫ ........ 420
03. ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ ТҰРҒЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННАН ТАБЫЛҒАН АЛТЫН ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ СЮЖЕТТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: САҚ МӘДЕНИЕТ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ........ 444
04. ҚАЗАҚСТАН САҚТАРЫНЫҢ ӨНЕРІ ........ 494
05. АЛТЫН ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ТАСТАР – ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ КОРЕЯ ЖЕРІНДЕГІ БАҒАЛЫ ТАСТАРДАН ЖАСАЛҒАН ЕРТЕДЕГІ ӘШЕКЕЙЛЕР ........ 536
06. ҚАЗАҚСТАН САРМАТТАРЫНЫҢ ӨНЕРІ ........ 570

## V. ҚОСЫМША

ӘДЕБИЕТТЕР ........ 590
ЖӘДІГЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ ........ 614
ABSTRACT ........ 630

# СОДЕРЖАНИЕ

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО 5
ВСТУПИТЕЛЬНОЕ СЛОВО К ИЗДАНИЮ КНИГИ «ЗОЛОТО ВЛАСТЕЛИНОВ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ» 8
ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО 11
ПРЕДИСЛОВИЕ 13
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ТАБЛИЦАХ 15
КАРТА ПАМЯТНИКОВ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНЕГО ВЕКА В КАЗАХСТАНЕ 16

## I. ОБЗОР

ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И ЗНАЧИМОСТЬ СОВМЕСТНЫХ КОРЕЙСКО–КАЗАХСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗОЛОТЫХ ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ ИЗ КАМЕННЫХ КУРГАНОВ КАЗАХСТАНА 23
О НАЦИОНАЛЬНОМ МУЗЕЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 31

## II. ПАМЯТНИКИ

01. БОЛЬШИЕ КУРГАНЫ САКОВ И СВЯТИЛИЩА САРМАТОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ 38
02. ЭЛИТНЫЕ КУРГАНЫ ТАСМОЛИНСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА 68
03. ВЛАСТЕЛИНЫ СТЕПЕЙ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА (КОНЕЦ VI–IV ВВ. ДО Н.Э.) 100
04. ЖЕНЩИНА, СИЯЮЩАЯ ЗОЛОТОМ ВЕЧНОСТИ 132
05. АРАЛТОБЕ 156
06. СОКРОВИЩА БЕРЕЛЯ – ВЕЛИЧАЙШЕЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ПРЕДКОВ КАЗАХОВ 170
07. ШИЛИКТИНСКИЙ ЗОЛОТОЙ КУРГАН БАЙГЕТОБЕ 192
08. КУРГАН САКСКОГО ПРИНЦА ИЗ ЖЕТЫСУ 212

## III. ОПИСАНИЕ КОЛЛЕКЦИИ 235

## IV. СТАТЬИ

01. РАСПРОСТРАНЕНИЕ ЗОЛОТОЙ КУЛЬТУРЫ САКОВ И ФОРМИРОВАНИЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ 376
02. ДРЕВНИЙ МЕТАЛЛ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ 420
03. СЮЖЕТЫ И ОСОБЕННОСТИ ЗОЛОТЫХ ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ С ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В СВЕТЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ТРАДИЦИЙ ВОСТОКА И ЗАПАДА: ПО МАТЕРИАЛАМ ПРЕДМЕТОВ КУЛЬТУРЫ САКОВ 444
04. ИСКУССТВО САКОВ КАЗАХСТАНА 494
05. ЗОЛОТО И ДРАГОЦЕННЫЕ КАМНИ – ДРЕВНИЕ УКРАШЕНИЯ С ДРАГОЦЕННЫМИ КАМНЯМИ С ТЕРРИТОРИИ КОРЕИ И КАЗАХСТАНА 536
06. ИСКУССТВО САРМАТОВ КАЗАХСТАНА 570

## V. ПРИЛОЖЕНИЕ

ЛИТЕРАТУРА 591
СПИСОК КОЛЛЕКЦИИ АРТЕФАКТОВ 614
ABSTRACT 630

# ҚАЗАҚСТАН САҚТАРЫНЫҢ ӨНЕРІ

**Базарбаева Ғалия**
Жетекші ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

**Жұмабекова Гүлнара**
Жетекші ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

## Кіріспе

Аң стилі өнері – ертедегі көшпенділер мәдениетінің белгілерінің бірі. Еуразияның ұлан–байтақ далалары мен таулы алқаптары дала қарауылдарына – обаларға толы. Оларды зерттеген кезде көз алдымызға атты жауынгерлердің жұмбақ әлемі, жыртқыштар, шөпқоректі жануарлар, құстар, қиял–ғажайып тіршілік иелері келеді. Киімге, баскиімдерге, қару құралдарына, аттың ер–тұрманына, ыдыс–аяққа түсірілген зер. Алтын, қола, темір, киіз, былғары, маталар, тас. Қалықтап бара жатқан маңғаз қыран құстарды, қаһарлы жыртқыштарды, ажалды шөпқоректі жануарларды; жеке суреттерді, күрделі композицияларды, экспрессия мен драматизмге толы көріністерді көреміз. Мұның барлығында жасырын мағына, терең құпия жатыр, оның сырын ешқашан да түгелдей аша алмасымыз анық. Айбынды жауынгерлердің, батыл да данышпан жолбасшылардың қайталанбас кейпін: биік баскиімдерін, шұғылалы алтын қыран құстар мен қасқырлардың бейнесі бар қанжарларын, шапшаң бұғылар бейнеленген қорамсақтарын және сақ, әрі кербез барыс бейнесі бар қалқандарын көз алдымызға елестете аламыз. Салмағы ауыр әскери белдіктегі жарқыраған мәңгілік алтын және кереғар түсті киімдегі жеңіл өрнекті мысық тектес жыртқыштар. Әсем, әсері мол, таң қаларлық дүниелер. Шексіз кең дала жазығындағы арынды, күшті, кербез «жабайы» көшпенділер. Бірақ біз бұл өнердің табиғатын ешқашан түгелдей аша алмаймыз, тани алмаймыз. Тану дейтін себебіміз, бұл өнер – таңбалар жүйесі, осы бейнелердің, сюжеттердің, көріністердің мазмұнын жеткізетін белгілі бір тіл.

Көрші жермен айналысқан мемлекеттердің өнерінің

# ИСКУССТВО САКОВ КАЗАХСТАНА

**Галия Базарбаева**
Ведущий научный сотрудник, кандидат исторических наук
Институт археологии им. А.Х. Маргулана

**Гульнара Джумабекова**
Ведущий научный сотрудник, кандидат исторических наук
Институт археологии им. А.Х. Маргулана

## Введение

Искусство звериного стиля – один из критериев культуры ранних кочевников. Обширная зона степей и горных долин Евразии заполнена степными стражами – курганами. При их исследовании перед нами предстает загадочный мир конных воинов, Хищники, травоядные животные, птицы, фантастические существа. Декор одежды, головных уборов, предметов вооружения, конского снаряжения, посуды. Золото, бронза, железо, войлок, кожа, ткани, камень. На нас глядят гордо парящие орлы, свирепые хищники, обреченные травоядные животные; одиночные изображения, сложные композиции, сцены наполненные экспрессией и драматизмом. Все это содержит в себе скрытый смысл, тайну, которую мы никогда до конца не разгадаем. Мы можем представить умелых воинов, мужественных и мудрых предводителей в их неповторимом обличии: в величественных головных уборах, с кинжалами с отблесками золотых орлов и волков, со стремительными оленями на колчанах и с чуткими и грациозными барсами на щитах. Свет нетленного золота тяжеловесного боевого пояса и легкость ажурных кошек на контрастном фоне одежды. Красиво, впечатляет, удивляет. «Дикие» кочевники в бескрайнем просторе Степи. Такие же стремительные, сильные, грациозные. Но никогда мы не сможем разгадать это искусство до конца, прочесть. Прочесть, потому что искусство – это знаковая система, определенный язык, передающий содержание этих образов, сюжетов, сцен.

Можно выявить влияние искусства соседних земледельческих государств, определить стиль и художественные

әсерін байқауға, стиль мен көркемдік тәсілдерді, олардың даму барысын анықтауға болады. Бірақ аң стилі өнері – бұл әлдебір күрделірек дүние. Ол қоғамның әлеуметтік жіктелуін, мәдени–тарихи байланыстарды, әлем бейнесін, эстетикалық мұраттарды, сұлулық туралы түсініктерді көрсетеді.

Қазақстандағы сақтар мәдениетінің ескерткіштері Жетісудан, Сарыарқадан, Қазақ Алтайынан, Оңтүстік Арал өңірінен және біразы Оңтүстік Қазақстаннан (Қайтпас) табылды. Егер Сарыарқа мен Қазақ Алтайы үшін хронологиялық кезеңді айқындауда қысқаша анықтамалар – Тасмола, Майемер және Пазырық мәдениеттері деген атаулар болса, Жетісу, Оңтүстік Арал өңірі және Қазақстанның оңтүстігі үшін бұл құбылыстарға үйлес кезеңдердің арнайы анықтамалары жоқ.

Тасмола және Майемер мәдениеттері – бір хронологиялық өріске жататын құбылыстар. Қазіргі уақытта Тасмола мәдениеті өмір сүрген кезең ж.с.д. VIII ғ. бастап V ғ. дейінгі уақытпен шектеледі, бұл бір топ 14С талдау нәтижелерімен дәлелденеді (Beisenov A. et al., 2016).

Қазақ Алтайындағы Пазырық мәдениеті ескерткіштерінің мерзімі ж.с.д. IV–III ғғ. деп анықталды (Самашев З., 2011).

Салыстырмалы–типологиялық әдістің негізінде К. Ақышев Есік обасынан алынған материалдардың мерзімін ж.с.д. V ғ. деп анықтаған (Акишев К.А., 1978). Бұл пікірді Анатолий Пшеничнюк Оңтүстік Арал өңіріндегі Филипповка обаларынан алынған деректерді талдау негізінде растады (Пшеничнюк А.Х., 2001).

Қазандар мен шырағдандар түріндегі көлемді металл заттардың мерзімін анықтауға келсек, әзірше тек үш мерзім белгіленген (1–кесте) (Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., 2013).

приемы, линию их развития. Но искусство звериного стиля – это нечто большее. Оно отражает социальную стратификацию общества, культурно–исторические связи, картину мира, эстетические идеалы, представления о красоте.

Памятники культуры саков в Казахстане зафиксированы в Жетысу, Сарыарке, Казахском Алтае, Южном Приаралье и частично в Южном Казахстане (Кайтпас). Если для Сарыарки и Казахского Алтая существуют дефиниции для определения хронологического периода – тасмолинская, майемерская и пазырыкская культуры, то синхронные этапы этих явлений для Жетысу, Южного Приаралья и юга Казахстана не имеют специальных определений.

Тасмолинская и майемерская культуры – явления одного хронологического горизонта. В настоящее время период бытования Тасмолы замыкается пределом с VIII по V вв. до н.э., что доказывается серией результатов 14С анализа (Beisenov A. et al., 2016).

Памятники пазырыкской культуры Казахского Алтая датируются IV–III вв. до н.э. (Самашев З., 2011).

На основе сравнительно–типологического метода материалы из кургана Иссык датировались К. Акишевым V в. до н. э. (Акишев К.А., 1978). Это мнение было поддержано Анатолием Пшеничнюком в контексте анализа данных из курганов Филипповка в Южном Приуралье (Пшеничнюк А.Х., 2001).

Что касается датировки массивных металлических предметов в виде котлов и курильниц, то пока имеется всего три даты (таблица 1) (Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., 2013).

**1–кесте.**
Таулы қырат және Түрген кентінің аумағынан табылған үлгілердің 14С мерзімін анықтау нәтижелері,* n=3

| ID | Материал | Ескерткіш | $^{14}$C BP | Мөлшерлі аралық (2 σ) |
|---|---|---|---|---|
| ГИН8863 | Қазандағы күйік | Таулы қырат | 2270±160 | 784 cal BC – 4 cal AD** |
| KIA42815 | Құрбандық үстеліндегі күйік | Түрген кентінің аумағы | 2235 ± 20 | cal BC 381–208 |
| KIA42816 | Құрбандық үстеліндегі күйік | Түрген кентінің аумағы | 2195 ± 20 | cal BC 360–198 |

* Бұл мерзімдер Мәскеу қ. РҒА Геология институтының радиокөміртектік мерзімін анықтау зертханасында (ГИН зертх. шифры) және Leibniz–Laboratory for Radiometric Dating and Isotope Research, Kiel (KIA зертх. шифры) анықталды;
** Бұл мерзімдер IntCal13 (Reimer et al. 2013) мөлшерлі айнымалысын пайдалану арқылы Calib 7.0 (Stuiver et al. 2013) бағдарламасында мөлшерленген.

**Таблица 1.**
Результаты 14С датирования образцов из Горного Гиганта и района п. Турген,* n=3

| ID | Материал | Памятник | $^{14}$C BP | Калиброванный интервал (2 σ) |
|---|---|---|---|---|
| ГИН8863 | Нагар с котла | Горный Гигант | 2270±160 | 784 cal BC – 4 cal AD** |
| KIA42815 | Нагар с жертвенного стола | Район п. Турген | 2235 ± 20 | cal BC 381–208 |
| KIA42816 | Нагар с жертвенного стола | Район п. Турген | 2195 ± 20 | cal BC 360–198 |

* Даты были получены в лаборатории радиоуглеродного датирования ГИН РАН, г. Москва (лаб. шифр ГИН) и Leibniz–Laboratory for Radiometric Dating and Isotope Research, Kiel (лаб. шифр KIA);
** Даты откалиброваны программой Calib 7.0 (Stuiver et al. 2013) с использованием калибровочной кривой IntCal13 (Reimer et al. 2013)

## Орталық Қазақстан сақтарының өнері

Орталық Қазақстан – Шығыс Сарыарқа аумағы даланың өткен дәуірлер ескерткіштеріне қаншалықты бай екендігін көрсетеді. Ежелгі көшпенділердің археологиялық ескерткіштері, әсіресе соңғы жылдары зерттелгендері мол материал берді, бұл сақтардың мәдениеті мен өнері туралы пайымдауға мүмкіндік береді (Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, 2015).

Ежелгі өнер туындыларының ішінде Нұркен–2 қорымынан табылған, тек жануарлар ғана емес, сонымен қатар адамдар бар сюжет берілген қапсырма ерекше көзге түседі (1–сур). Нұркен–2 қорымының обалары ерте сақ кезеңіне (ж.с.д. VII–VI ғғ.) жатқызылады. Көріністегі негізгі кейіпкер – салт атты адам. Ол жабдықты аттың үстінде салтанатты түрде отырған байсалды қалпында көрсетілген: желкелігі жалпақ күләпара (су өтпес үшін тымақтың сыртынан киетін баскиім), сауыт–сайман, қоныштары бейнеленген, бет әлпеті дөрекі, түсі суық. Бетінің сол жағында тыртық немесе бояу көрсетілген. Салт аттының арқасынан садақ шығып тұр. Оның жабдықталуы Оңтүстік Қазақстаннан (Тараз) табылған қапталған белдемшелі сауыттағы сақтардың бейнесімен, Петр I–дің Сібірлік топтамасындағы, солтүстік–батыс шеткі аймақтағы «жабайылар» бейнеленген қытай суреттеріндегі және Ферғанадағы (Ақ–Там) бейнелермен үндеседі. Салт атты адам аттың үстінде салтанатты түрде отыр, аттың ер–тұрманы, «қоршау» тәрізді қырқылған жалы көрсетілген. Салт аттыдан басқа, қапсырмада қолында бедерлейтін құралы бар адам, бой ұсынған әрі қайғылы қалыпта жерде отырған екі адам және қапталған белдемше киген, жатқан адамның бөлігі көрсетілген. Тыртықтары бар немесе боялған беттердің және ерекше тәсілмен қырқылған жалдың ерекше маңызы бар. Жалды бұлайша безендіру дәстүрі аумақтық жағынан Орталық Азияның шығыс аймақтарынан бастап Солтүстік–Шығыс Қара теңіз өңіріне дейінгі бүкіл Еуразия даласында кең тараған. Кейіпкерлер мен оларға байланысты көріністер тұрмыстық сипатта емес, бұлар – соғыс немесе салт–рәсім көріністері.

Нұркен қапсырмасындағы көріністе кейіпкермен қоштасу, оны жерлеу көрінісімен байланысты, сол дәуірдегі адамдарға белгілі қандай да бір мифологиялық сюжет бейнеленген деп болжауға болады. Ескерткіштің мерзімін белгілеуге қатысты алсақ, бұл қорғаныш сауытын киген, керек–жарақпен жабдықталған жауынгер келбеті түсірілген, ертедегі көшпенділер өнеріндегі ең ежелгі бұйымдардың бірі деп болжауға болады.

## Искусство саков Центрального Казахстана

Центральный Казахстан – территория Восточной Сарыарки, демонстрирует насколько богата Степь памятниками прошедших эпох. Археологические памятники древних кочевников, особенно изученные в последние годы, предоставили обширный материал, который позволяет судить о культуре и искусстве саков (Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, 2015).

Среди произведений древнего искусства выделяется бляшка, содержащая сюжет с присутствием не только животных, но и людей, из могильника Нуркен–2 (рис. 1). Курганы могильника Нуркен–2 отнесены к раннесакскому времени (VII–VI вв. до н.э.). Центральный персонаж сцены – всадник. Он показан спокойно восседающим на стоящем коне в экипировке: башлык с широким назатыльником, доспехи, ноговицы, черты лица довольно грубые, выражение лица суровое. У него же на левой стороне лица показаны шрамы или раскраска. За спиной всадника выступает лук. Его экипировка перекликается с изображениями саков в панцире с бронированной юбкой из Южного Казахстана (Тараз), Сибирской коллекции Петра I, на китайских изображениях «варваров» северо–западной периферии и в Фергане (Ак–Там). Всадник восседает на коне, у которого показаны снаряжение, стриженая грива с «городком». Кроме всадника на бляшке показан человек с чеканом, два сидящих на земле человека в смиренно–скорбных позах и фрагмент лежащего человека в бронированной юбке. Особое значение имеют покрытые шрамами или раскраской лица и стриженная особым способом грива. Территориально обычай такого оформления гривы был распространен по всему поясу Евразийских степей от восточных регионов Центральной Азии до Северо–Восточного Причерноморья. Персонажи и сцены, с которыми они связаны, имеют не бытовой характер – это батальные или сакральные сцены.

Можно предположить, что в сцене нуркенской бляшки запечатлен какой–то известный современникам мифологический сюжет, связанный со сценой прощания, погребения героя. Учитывая датировку памятника, можно предположить, что перед нами один из наиболее ранних предметов раннекочевнического искусства, где воплощен облик экипированного воина в защитном доспехе.

Предмет, декор которого показывает значение и место оружия в культуре кочевников вооружением, железный кинжал с зооморфным декором. Найден у горы Темирши в Центральном Казахстане (Бейсенов А.З., 2014) (рис.



**1–сур.**
Көпфигуралы композициялы әшекей. Нүркен–2
(Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, 2015 бойынша)

**Рис. 1**
Бляшка с многофигурной композицией. Нуркен–2
(по: Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, 2015)



**2–сур.**
Аң бейнелі темір қанжар. Темірші тауынан табылған кездейсоқ олжа
(Бейс енов, 2014б бойынша)

**Рис. 2**
Железный кинжал с зооморфным декором. Случайная находка у горы Темирши
(по: Бейсенов, 2014б)

Көшпенділер мәдениетіндегі қару–жарақтың маңызы мен орны көрсетілген сәнді зат – аң бейнесіндегі өрнегі бар темір қанжар. Ол Орталық Қазақстандағы Темірші тауынан табылды (Бейсенов А.З., 2014) (2–сур). Теміршіден табылған қанжардың бас жағы бір–біріне қаратылған қыран тектес екі грифонның бастарының мүсіні түрінде безендірілген. Сабының ортасында сегіз бұйра шиыршық бір қатарға орналастырылған. Көбелек тәрізді айқасқан ұшы ақбөкеннің нышандық бейнесі түрінде зерленген. Мүйіздерді бұлайша көркем тәсілмен түсіру ерте скиф кезеңіндегі ескерткіштерден, мысалы, Аржан–2 қорымы 5–қабірдегі ескерткіштен; Талды–2 қорымындағы тізбе әшекейлерден; Торғайдан табылған алтын тізбе әшекейден байқалады. Мұндай қанжарлар ерте көшпенділер дәуірінде Еуразияның шығыс бөлігі аумағында (Жетісу мен Тянь–Шань, Шығыс Қазақстан,

2). Навершие кинжала из Темирши оформлено в виде двух скульптурных голов орлиных грифонов, обращенных друг к другу. По центру рукояти расположены восемь спиралевидных завитков в ряд. Бабочковидное перекрестье декорировано символическим изображением сайги. Передача рогов таким художественным приемом прослеживается в памятниках раннескифского времени, например в Аржане–2, могила 5; Талды–2 на пронизях; на золотой пронизи из Тургая. Такие кинжалы были широко распространены на территории восточной части Евразии в эпоху ранних кочевников (Жетысу и Тянь–Шань, Восточный Казахстан, Южный Урал). Аналогии кинжалам с грифоньими головками прослеживаются и на востоке, основной ареал – районы Минусинской котловины и Казахстана.

Декор в виде скобочек и спиралевидных завитков, види-

Оңтүстік Орал) кең тараған. Грифон басты қанжарлардың ұқсас түрлері шығыста да кездеседі, негізгі таралу аймағы – Минусин ойпаты мен Қазақстан.

Жақша және бұйра шиыршық түріндегі өрнек маңызды нышандардың бірі болғанға ұқсайды. Бұған ұқсас зер Шемонаихадан (Шығыс Қазақстан) табылған ерте скиф кезеңіндегі қанжарда, Орталық Қазақстаннан табылған қанжардың сабында кездеседі. Қанжардың анықталған мерзімі – ж.с.д. VI ғ.–V ғ. бірінші жартысы.

Қанжар сияқты қару құралындағы өрнекті зер оның қасиетін, арналған мақсатын үстей түскен деуге болады. Затты безендірген кезде жыртқыш құс немесе қыран тектес грифон және тұяқты жануар бейнелерін біріктіру – ерте сақ кезеңіндегі Жалаулы, Шілікті, Талды–2 ескерткіштерінен анықталған белгілі тәсіл. Ежелгі көшпенділер өнеріне тән жыртқыштың немесе мифтік жиынтық тіршілік иесінің тұяқты жануарды жәбірлеу көрінісі әр түрлі жеткізілген, соның шінде бір затты зерлеп өрнектегенде жыртқыш (жыртқыш құс) және стильдендірілген тұяқты жануар бейнелерін қиыстыру түрі де бар.

Қару құралдарының өрнегінде, соның ішінде қанжарда да кездесетін бұйра шиыршық және «үтір» (тұмсық) сияқты зерлеу элементі кездейсоқ емес. Бұлар – «шынайы, әрі түсінікті бейнелермен тікелей байланысты ұзақ тарихы бар таңба–нышандар. Ж.с.д. VI–IV ғғ. Оңтүстік Сібір өнерінде қыран құсты таңбалайтын шартты белгі ретінде ол тек ат әбзелінің және белдіктің қапсырмаларында ғана емес, сонымен қатар қанжарларда және басқа да қару құралдарында қолданылуы ықтимал. Орталық Қазақстандағы Талды–2 және Тывадағы Аржан–2 ерте скиф кезеңі қорымдарынан табылған материал бұйра шиыршық өрнектен бөлек, мифтік қыран құстың бейнесі оның айдарын белгілеп, оңай танылатын шиыршықтау тәсілдерімен берілген деп жорамалдауға мүмкіндік береді.

Әр алуан заттардың беттері: костюмнің және аттың ер–тұрманының элементтері, қару құралдары мен еңбек құралдары, ыдыс–аяқ, діни және сәндік заттар хайуанаттардың бейнелерімен және ою–өрнек мотивтерімен безендірілген. Бұл заттардың барлығы Сарыарқаның ежелгі көшпенділерінің заттар әлемінің бір бөлігі болған.

Ерте көшпенділер дәуірінде мысық тектес жыртқыштың бейнесі түріндегі алтын тігілмелі қапсырмалардың мол болуы көшпенділер өркениетінің қалыптасуы туралы пайымдауға жол ашатын экономиканың, әлеуметтік ұйымдастырудың, қоғамдық қатынастардың, мәдениеттің, идеологияның даму ерекшелігіне қарай тек сәндік қана емес, ерекше мағынаға

мо, один из значимых символов. Подобное прослеживается на кинжале раннескифского времени из Шемонаихи (Восточный Казахстан), на рукояти кинжала из Центрального Казахстана. Датировка кинжала – VI – первая половина V в. до н.э.

Можно предположить, что декор такого предмета вооружения, как кинжал, дублировал его свойства, назначение. Соединение в оформлении предмета образов хищной птицы или орлиного грифона и копытного – известный прием, выявленный для памятников раннесакского времени: Жалаулы, Шиликты, Талды–2. Сцена терзания копытного животного хищником или мифическим синкретическим существом, характерная для искусства древних кочевников. Она имела различные формы выражения, в том числе и в виде совмещения в декоре одного предмета образов хищника (хищной птицы) и стилизованного копытного.

Такой элемент декора как спиралевидный завиток и «запятая» (клюв), встречаемый в декоре предметов вооружения, в том числе и на кинжале, не случаен. Это «знаки–символы, имеющие свою длительную историю, непосредственно связанную с более реалистичными и понятными образами. Возможно, в искусстве Южной Сибири VI–IV вв. до н.э. как условный знак, маркирующий присутствие орла, она применялась не только на сбруйных и поясных бляшках, но и на кинжалах и других предметах вооружения. Материал из могильников раннескифского времени Центрального Казахстана Талды–2 и Аржан–2 в Тыве позволяет предположить, что помимо спиралевидного завитка, образ мифического орла передавался вполне узнаваемыми приемами с завитком с обозначением хохолка.

Анималистическими изображениями и орнаментальными мотивами декорировались поверхности самых разнообразных предметов: элементы костюма и конского снаряжения, предметы вооружения и орудия труда, посуда, предметы культа и туалета. Все эти предметы были частью вещного мира древних кочевников Сарыарки.

Обилие нашивных бляшек из золота в виде изображения кошачьего хищника в период ранних кочевников, в силу специфики развития экономики, социальной организации, общественных отношений, культуры, идеологии, позволяющих говорить о сложении цивилизации кочевников, имело особый смысл, не только декоративный. В данном случае мы наблюдаем наложение значения анималистического образа, его художественного воплощения, качества металла – золота, подчеркивающих статус погребенного.

На бляшке из кургана 1 могильника Карашокы пред-



**3–сур.**
Мысық тектес жыртқыштың бедерлі бейнесі. Қарашоқы–1
(Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, 2015 бойынша)

**Рис. 3**
Ажурное изображение кошачьего хищника. Карашокы–1
(по: Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, 2015)

ие болған. Бұл жағдайда біз жерленген адамның мәртебесін көрсететін хайуанат бейнесіне, оның көркемдік тұрғыдан бейнеленуіне, металдың – алтынның сапасына мағына жүктелгенін байқаймыз.

Қарашоқы қорымының 1–обасынан табылған қапсырмада жайбарақат тұрған жолбарыстың бір қырынан қарағандағы бейнесі көрсетілген (3–сур) (Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., 2015). Жануарға тән терісінің жолақтары жұқа селдір түрінде бейнеленген, бұдан жолбарыстың келбеті жеңіл көрінеді. Бейненің негізін құрайтын ерте сақ өнеріне тән S тәрізді шиыршықтар жаңаша түрлендірілген, олар сақтардың ең кең тараған семантикалық бейнелерінің біріне – стильдендірілген қыран құстар мен қыран тектес грифондарға айналған. Ертедегі көшпенділер жиі қолданғандай, S тәрізді шиыршықтар бейненің ішіне кіргізіп жасалған, жолбарыстың жуан мойны мен жауырыны, жамбас жолақтары, ширатылған жүні шиыршықтар түрінде берілген, осылайша, шиыршықтар қос қызмет атқарған. Тұтас алғанда, жолбарыс бейнесінің ішіне кіргізіп жасалған стильдендірілген қыран құстар Шерубай–1 қорымының ерте сақ кезеңіндегі 1–обасынан табылған осындай бейнелерге ұқсас. Ұзын құйрығы дәстүрлі әдіспен жоғары қарай шиыршық түрінде бұралған, өткір әрі жыртқыш ұзын тырнақтары айрықша көрсетілген. Шебер бейнелеу тәсілінен бөлек, қапсырмада жолбарыс пен қыран құстың бейнелері қиыстырылған тұтас бір қиял–ғажайып тіршілік иесі идеясы берілген, сақтар дүниетанымында олардың жақын екені көрсетілген. Бұл стильдік тәсілдің кейбір ұқсас үлгілері ертедегі көшпенділер өнерінде кездеседі. Алтын жұқалтырдан кесіп жасалған бейнені кереғар түсті нәрсеге қою арқылы орындалатын жұқа селдір етіп жасау тәсілі Жетісудағы Жа-

ставлено профильное изображение тигра, стоящего в спокойной позе (рис. 3) (Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., 2015). Ажурность изображения, с помощью которой передана характерная полосатая фактура шкуры животного, придает легкость облику тигра. Характерные для раннесакского искусства S–видные завитки, положенные в основу изображения, обыграны по–новому, превращаясь в стилизованных орлов и орлиных грифонов – одного из наиболее популярных семантических образов саков. Они, как это часто применялось ранними кочевниками, вписаны внутрь поля изображения, завитками выделены мощная шея тигра и лопатка, линия бедра, пряди шерсти, и таким образом выполняли двойную функцию. В целом стилизованные орлы, вписанные в изображение тигра, почти аналогичны таковым из раннесакского кургана 1 могильника Шерубай–1. Длинный хвост традиционно закручен спиралью вверх, подчеркнута длина хищных и острых когтей. Помимо тонкого изобразительного приема, в бляшке выражена идея в целом фантастического существа, совмещающего образы тигра и орла, их близость в мировосприятии саков. Стилистический прием находит некоторые аналогии в искусстве ранних кочевников. Ажурность, подразумевающая наложение вырезанного из золотой фольги изображения на контрастный фон, обращает внимание на раннесакские изделия из клада Жалаулы в Жетысу. В тоже время передача характерных полос и густых длинных прядей шерсти тигра встречается в более поздних – периода расцвета сакской пазырыкской культуры на Алтае – изображениях тигра.

В целом, такая легкость и невесомость, прозрачность изображений характерна для кочевников пазырыкской культуры Алтая, что проявляется и в вырезанных из фольги,

лаулы көмбесінен табылған ерте сақ бұйымдарына назар аудартады. Сондай–ақ жолбарысқа тән жолақтары мен қалың ұзын ширатылған жүнін бейнелеу кейінгі Алтайдағы сақ Пазырық мәдениетінің өркендеген кезеңіндегі жолбарыс бейнелерінде де кездеседі.

Тұтас алғанда, бейнелерді салмақсыз, мөлдір етіп жасау Алтайдағы Пазырық мәдениеті көшпенділеріне тән, бұл жұқалтырдан, былғарыдан және қайың қабығынан кесіп жасалған бейнелерден, жерленген адамдардың дене әшекейінен, жұқа түрлі түсті киізден ою–өрнек мотивтерінің жасалуынан да байқалады. Бейнелердің зерлілігі, көбінесе жануар бейнесінің ішіне кіргізіп жасалған қыран тектес грифондарды құрап тұрған жұқа шиыршықты сызықтарды бұйымның бетіне салу Оңтүстік Оралдағы Филипповка қорымының алтын бұйымдарына тән, бұл қорым да ертедегі көшпенділер мәдениетінің өркендеген кезеңіне жатады. Солтүстік Кавказдағы ерте скифтік Келермес обасынан табылған қабылан түріндегі алтын тілік те Ұлы даланың ертедегі көшпенділерінің дүниетанымының, рухани мәдениетінің ортақтығын көрсетеді. Қабыланның табандары мен құйрығы домаланып бүгілген мысық тектес жыртқыштардың бедерлі бейнелерімен безендірілген, бұл – жануардың жыртқыштық сипаттарын жеткізудегі ұқсас бейнелеу тәсілі.

Талды–2 қорымындағы мысық тектес жыртқыштар түріндегі көптеген қапсырмалар Арал өңіріндегі Түгіскен қорымының 31 және 53–обаларынан табылған «жатқан арыстанның» және «жүріп бара жатқан арыстанның» қырынан қарағандағы бейнелерімен үндеседі. Талды–2 қапсырмаларының бір бөлігінде жалы бар жуан мойны көрсетілген, аяқтары қатпарланған, құйрығының ұшында шашақтары жоқ. Бұл жерде не мысық тектес жыртқыштың жинақталған бейнесі берілген, не қапсырмаларды бұл жануарды ешқашан көрмеген адам қалыптап мүсіндеген болуы ықтимал. Түгіскен, Талды–2 және Аржан–2 бұйымдарының толық ұқсастығына қарамастан, Талды–2 қорымындағы бейнелердің аса шынайы емес екендігі көрінеді.

Ерте скиф өнерінің нышаны – бүктетілген мысық тектес жыртқыш Талды–2 қорымының 2–обасынан табылған жәдігерлердің арасында да бар. Бір үлгідегі стильдік белгілер бар: басы көлемді, көздері мен танауы дөңгелек пішінді, құлағы тамшы тәрізді, аузы белгіленген, мойны үйлесімсіз ұзын, жауырыны бедерленіп көрсетілген және табандары денесіне қарай жиырулы. Табандары мен құйрығының ұштары сақина тәрізді. Еуразия даласының шығыс бөлігінде ұқсас бейнелер Петр I–дің Сібірлік топтамасынан, Шілікті қорымының 5–обасынан, Аржан обасынан белгілі. Табан мен

кожи и бересты изображениях, татуировке погребенных, в переплетении орнаментальных мотивов из тонкого цветного войлока. Филигранность изображений, проработка поверхности тонкими линиями завитков, часто образующих вписанные в пространство облика животного орлиных грифонов, характерна для золотых изделий Филипповского могильника на Южном Урале, также относящегося к расцвету раннекочевнической культуры. Общность мировоззрения, духовной культуры ранних кочевников Великой Степи демонстрируют и золотая пластина в виде пантеры, лапы и хвост которой орнаментированы рельефными изображениями свернувшихся кольцом кошачьих хищников из раннескифского Келермесского кургана на Северном Кавказе, что является сходным изобразительным приемом в передаче хищных черт животного.

В могильнике Талды–2 многочисленные бляшки в виде кошачьих хищников перекликаются с профильными изображениями «лежащего льва» и «идущего льва» из могильника Тагискен, курганы 31 и 53 в Приаралье. На части бляшек из Талды–2 выделены мощная шея с гривой, ноги как бы в складках, между тем кисточки на кончике хвоста нет. Возможно, что здесь передан либо обобщенный образ кошачьего хищника, либо бляшки штамповал тот, кто никогда не видел этого животного. Несмотря на однозначное сходство изделий из Тагискена, Талды–2 и Аржана–2, видно, что образы из Талды–2 – наименее реалистичные.

Символ раннескифского искусства – свернувшийся кошачий хищник – присутствует среди находок кургана 2 могильника Талды–2. Типичные стилистические признаки – массивная голова, кольцевидные глаз и ноздри, каплевидное ухо, обозначенная пасть, непропорционально длинная шея, рельефно выделенное плечо и лапы, прижатые к туловищу. Окончания лап и хвоста кольчатые. В восточной части евразийского пояса степей близкие изображения известны из Сибирской коллекции Петра I, кургана 5 могильника Шиликты, кургана Аржан. Подобная композиция расположения лап и хвоста, по мнению специалистов, является более архаичной по сравнению с другими композициями, распространенными в пределах Центральной Азии и восточных регионов скифо–сакского мира в целом.

В искусстве древних кочевников часто встречается образ кабана. В материалах из Сарыарки образ кабана присутствует в декоре поясной пряжки из Тасмолы, на зеркале из Жыланды и Бирлика, а также на пронизи от конского снаряжения из Нурманбета–2. Здесь и элемент костюма, и предметы культа и туалета, а также конская гарнитура. Об-

құйрықты бұлайша орналастыру композициясы, мамандардың пікірінше, Орталық Азияда және жалпы скиф–сақ әлемінің шығыс аймақтарында тараған басқа композициялармен салыстырғанда ескі.

Ежелгі көшпенділер өнерінде қабан бейнесі жиі кездеседі. Сарыарқадан табылған материалдарда қабан бейнесі Тасмоладан табылған белдік тоғасының зерінде, Жыланды мен Бірліктен табылған айнада, сондай–ақ Нұрманбет–2 қорымынан табылған аттың ер–тұрманының тізбе әшекейінде кездеседі. Мұнда костюм элементі де, діни және сәндік заттар да, сондай–ақ ат әбзелдері бар. Қабанның қырынан қарағандағы тұтас бейнесінің үлгісі – Торғайдан табылған аң бейнесіндегі зері бар тізбе әшекей (Сеитов А.М., 2015). Ұқсас үлгілер ұйық–сағлы (Тува, Саускен–3 қорымы) мәдениеті және большереченск (Алтай, Оба өзенінің иіріміндегі қорым) мәдениеті ескерткіштерінен анықталды.

Жетісуда қабан бейнелері Есіктен табылған семсердің зерінде және Алматыда кездейсоқ табылған шөміштің зерінде бар, Шығыс Қазақстанда қабан бейнелері Шілікті қорымының 5–обасындағы материалдарда бар. Солтүстік Қазақстандағы Алыпқаш және Шығыс Қазақстандағы Берел қорымдарының обаларындағы материалдарда екі жағдайда қабанның өз азу тістері пайдаланылғаны, сол сияқты олардың ағаштан дайындалған үлгілері де қолданылғандығы анықталды. Алынған деректер Қазақстанның ежелгі тұрғындарының өнерінде қабан бейнесі сан алуан материалдарда: қолада, мүйізде/сүйекте/азу тісте, сары металда жасалғанын айғақтайды. Ол Оңтүстік–Шығыс, Шығыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда жартас беттеріне де түсірілген. Қабан бейнесімен безендіру себептерінің бірі жануардың болмысында – қаһарлы, күшті, қауіпті болуында деп жорамалдауға болады. Тұяқты жануар ретінде де оның екіжақты табиғаты айнаға зер қондырған кезде көрініс тапқан. «Қабан мен мысық тектес жыртқыш» қарсы бейнелері Сауысқандықтағы (Қаратау жотасы) петроглифтерге түсірілген және бейнелер қарама–қарсы қойылған композицияға мысал ретінде қарастырылады (4–сур).

Екі металл пайдаланылып жасалған және Сарыарқа сақтары өнерінің нағыз жауһары болып табылатын заттардың ішінде Тасмола–5 қорымынан табылған аттың ер–тұрманының зерленген элементтері назар аудартты. Оларда айналма композициялар берілген. Аң бейнесіндегі элементтерден құралған табиғи свастикалық композициялар, шеңбер түріндегі композициялар түрлі аймақтардағы ерте көшпенділер ескерткіштерінде: Алтайдағы Пазырық мәдениеті обаларында, сондай–ақ Үстірттегі Қызылүйік ғибадатханасының

разец целого профильного изображения кабана – пронизь с зооморфным декором из Тургая (Сеитов А.М., 2015). Близкие параллели выявлены в памятниках уюкско–саглынской (Тува, мог. Саускен–3) и большереченской культур (Алтай, мог. Обские плесы).

В Жетысу изображения кабана присутствуют в декоре меча из Иссыка и в декоре ковша, случайно найденного в Алматы, в Восточном Казахстане изображения кабана присутствуют в материалах кургана 5 Шиликты. В материалах курганов могильников Алыпкаш в Северном Казахстане и Берел в Восточном Казахстане зафиксированы случаи использования как оригинальных кабаньих клыков в обоих случаях, так и их реплик, изготовленных из дерева. Полученные данные свидетельствуют о том, что образ кабана в искусстве древнего населения Казахстана нашел воплощение в самом разнообразном материале: бронзе, роге/кости/клыке, жёлтом металле. Он воплощен и на скальных поверхностях Юго–Восточного, Восточного, Южного и Центрального Казахстана. Можно предположить в качестве одной из причин декорирования образом кабана сущность животного яростное, сильное, опасное. Его двоякая природа – и как копытного – отразилась в использовании декора зеркала. Оппозиция «кабан и кошачий хищник» проиллюстрирована в петроглифах местонахождения Сауыскандык (хребет Каратау) и рассматривается как пример антитетической композиции (рис. 4).

Из предметов, выполненных с использованием двух металлов и представляющих собой истинный шедевр искусства саков Сарыарки, внимание привлекли декорированные элементы конского снаряжения из могильника Тасмола–5. В них заключены вихревые композиции. Органичные свастические композиции, образованные из зооморфных элементов, круговые композиции встречаются в памятниках ранних кочевников в различных регионах: в курганах пазырыкской культуры Алтая, а также в материалах святилища Кызылуйык на Устюрте. Кроме того, принцип организации композиции в виде триквестра встречен среди наскальных рисунков в Майемерской степи. Параллели между Тасмолой и Майемером фиксируются и по другим элементам. Вообще свастика, триквестр, солярно–вихревая розетка – все это особенно ярко проявляется в искусстве саков. Вероятно, возникнув еще в эпоху бронзы, этот элемент, пройдя через раннесакский период, получил широкое распространение в сакское время.

На ряде изделий саков фиксируется соединение изображений спиралевидных завитков, копытного животного




**4–сур.**
Қаратаудың жартастарындағы бейнелі көріністердің бір бөлігі. Сауысқандық (Самашев, 2006 бойынша)

**Рис. 4**
Фрагмент сцены наскального изображения в горах Каратау. Сауыскандык (по: Самашев, 2006)

материалдарында кездеседі. Одан бөлек, триквестр түріндегі композицияны қолдану Майемер даласындағы жартасқа салынған суреттердің арасында кездеседі. Тасмола мен Майемердің арасында басқа элементтер бойынша да қатар үлгілер бар екені анықталды. Жалпы, свастика, триквестр, күн–айналма түріндегі гүлөрнек – мұның барлығы әсіресе сақтардың өнерінен айқын байқалады. Қола дәуірінде–ақ пайда болып, бұл элемент ерте сақ кезеңінен өтіп, сақ кезеңінде кең тараған болуы ықтимал.

Бірқатар сақ бұйымдарында бұйра шиыршықтардың, тұяқты жануар мен жолбарыс бейнелерінің біріктірілгені анықталды, бұл құрбан болу, өлу идеясын көрсетеді. Бұл ат жабдықтарындағы біріктірілген бұйра шиыршықтар мен мысық тектес жыртқыштың бейнелерімен үндеседі деп шамалауға болады. Жыртқыш пен оның құрбаны көрсетілген көріністердің берер мағынасын қарастыра отырып, жәбірлеу мотиві түрліше көрініс тапқан бірқатар «композициялық үлгілерді» бөліп көрсетуге болады. Тұтас алғанда, шабуылдау/жәбірлеу көріністері құрбандық шалудың нышаны түріндегі сурет ретінде түсіндіріледі. Осы идея көрсетілген, жиі келтірілетін мысалдардың бірі – Солтүстік–шығыс Сарыарқадан (Керекудегі Ертіс бойы) табылған ж.с.д. VII–VI ғғ. қапсырма (Арсланова Ф.Х., 1963) (5–сур), оның зерінде күнге табынушылық және құрбандық шалу тақырыбы көрсетілген. Мұнда үш жыртқыштың бөкенді (ақбөкенді немесе жайранды, қарақұйрықты) жәбірлеу көрінісі түсірілген. Тұяқты жануар бүгілгендей қалыпта бейнеленген, ал оның айналасында Жалаулыдан (Жетісу) табылған жыртқыштарға ұқсас үш жыртқыш шеңбер құрай орналастырылған. Стилі жөнінен осы композицияларға ұқсас көріністерді Аржан–2 обасынан табылған бұйымдардан көруге болады (Čugunov

и тигра, что выражает идею жертвенной смерти. Можно предположить, что это перекликается с соединением в убранстве коня образа кошачьего хищника и спиралевидных завитков. Рассматривая семантику сцен с присутствием хищника и его жертвы, можно выделить целый ряд «композиционных формул», выражающих различные воплощения мотива терзания. В целом, сцены нападения/терзания трактуются как символическое изображение жертвоприношения. Один из часто приводимых примеров воплощения этой идеи – бляха VII–VI в. до н.э. из Северо–Восточной Сарыарки (Павлодарское Прииртышье) (Арсланова Ф.Х., 1963) (рис. 5), в декоре которой отражена тема культа солнца и жертвоприношения. Здесь помещена сцен терзания антилопы (сайга или дзерен, джейран) тремя хищниками. Копытное изображено здесь как бы свернувшимся, а вокруг него по кругу расположены три хищника, аналогичные хищникам из Жалаулы (Жетысу). Всем этим композициям можно увидеть близкие по стилю сцены на изделиях из кургана Аржан–2 (Čugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2006, Taf. 13, 8; 14, 1; 62, 8–10). Подобные травоядные–копытные животные изображены на золотых ворворках из кургана №5 могильника Талды 2, золотых пластинках из кургана 66 могильника Южный Тагискен, бронзовых бляшках из могильной ямы 1 кургана 5 могильника Кичигино–1 в Южном Зауралье и других изделиях.

Алишер Акишев отмечает: «Семантика мотива на пряжке из Прииртышья, вероятно, объясняется существованием древнего культа Солнца и огня. Форма пряжки является вариацией солярного креста и свастики, а сцена пожирания чудовищами сайгака отражает религиозную философию дуализма» (Акишев А.К., 1976, с. 188).



**5–сур.**
Үш жыртқыш пен тұяқты жануар арасындағы айқасы көрініс тапқан бейне. Солтүстік–Шығыс Сарыарка (Керекудегі Ертіс бойы), кездейсоқ олжа (Арсланова, 1963; Акишев А., 1976 бой ынша)

**Рис. 5**
Изображение сцены терзания тремя хищниками копытного животного. Северо–Восточная Сарыарка (Павлодарское Прииртышье), случайная находка (по: Арсланова, 1963; Акишев А., 1976)

K.V., Parzinger H., Nagler A., 2006, Taf. 13, 8; 14, 1; 62, 8–10). Мұндай шөпқоректі–тұяқты жануарлар Талды–2 қорымының № 5 обасынан табылған баулы алтын моншақтарда, Оңтүстік Түгіскен қорымының 66–обасынан табылған алтын тіліктерде, Оңтүстік Орал сыртындағы Кичигино–1 қорымының 5–обасындағы 1–ші қабір шұңқырынан табылған қола қапсырмаларда және басқа да бұйымдарда бейнеленген.

Әлішер Ақышев былай деп жазады: «Ертіс маңынан табылған тоғадағы мотивтің мағынасын, бәлкім, ежелгі Күнге және Отқа табынушылықпен түсіндіруге болар. Тоғаның пішіні – күн крест белгісі мен свастиканың өзгерген түрі, ал жыртқыштардың киікті жеу көрінісі діни дуализм философиясын көрсетеді» (Акишев А.К., 1976, 188–б.).

Үш бөлікті құрбандық идеясы композиция түрінде үш жыртқыштың мүсіндерінде көрсетілген. Шабуылдау/жәбірлеу көріністері өлім арқылы қайта туу идеясын көрсететін бейнелер ретінде қаралатынын ескерсек, олардың аттың ер–тұрманын және қару–жарақ заттарын зерлеу үшін пайдаланылғаны – заңдылық. Бұл заттардың иелерінің шығу тегі бойынша дегдар, ақсүйек немесе патша екенін білдіретіні анық (Полидович Ю.Б., 2006, 369, 370, 373–бб.). Мамандар аң бейнесіндегі свастикалар мен айналма түріндегі гүлөрнектердің мағыналық бірлігі және иконографиялық жақындығы бар екенін айтады. Ат әбзелі – аң бейнесіндегі свастика мотивімен безендірілген бөлшектерді орналастыру үшін ең қолайлы объект (Королькова Е.Ф., 2009, 67–б.).

Тұтас алғанда, ежелгі өнер үлгілерінде тұяқты және жыртқыш жануарлары бар көріністер арқылы өмір мен өлім айналып оралып отырады деген түсінік көрсетілген, «өмір–өлім» айналымындағы мифологема көркем мысалмен сипатталған.

В композиции идея трехчастной жертвы выражена в фигурах трех хищников. Учитывая, что сцены нападения/терзания рассматриваются как изображения, воплощающие идею возрождения через смерть, их использование для декора конского снаряжения и предметов вооружения – закономерно. Отмечается, что эти предметы подчеркивают знатное, аристократическое или же царское происхождение их владельцев (Полидович Ю.Б., 2006, с. 369, 370, 373). Специалистами отмечается семантическое единство и иконографическая близость зооморфных свастик и вихревых розеток. Конская сбруя – наиболее предпочтительный объект для размещения деталей, украшенных мотивом зооморфной свастики (Королькова Е.Ф., 2009, с. 67).

В целом, в древнем искусстве посредством сцен с присутствием копытного и хищного животных реализуется представление о круговороте жизни и смерти, иллюстрируется мифологема цикла «жизнь–смерть».

В мифологической традиции скифо–сакских племен конь – один из важнейших мифологических образов предстает как верховое животное, обладающее способностью переноситься из одной зоны мироздания в другую, он – носитель воли божеств, связующее звено между мирами. Лошадь играет важнейшую роль в цикле смерть–возрождение–бессмертие. Это прослежено и по предметам с ее изображением, и по погребальному циклу, и по героическому эпосу. В них конь выступает как товарищ, орудие войны, средство общения с миром предков.

Общество скифского времени – потестарного типа. Система ценностей, традиционная в любой армии, – воинская доблесть, культ героизированных предков, верность клятве, воинская честь – присуща скифскому воинству. Обряды,

Скиф–сақ тайпаларының мифологиялық дәстүрінде ең маңызды мифологиялық бейнелердің бірі – ат ғаламның бір аймағынан екіншісіне тез ауысуға қабілетті салт мінілетін жануар ретінде көрсетіледі, ол – құдайлардың қалауын таратушы, әлемдер арасындағы байланыстырушы буын. Жылқы өлім–қайта туу–мәңгілік өмір айналымында өте маңызды рөл атқарады. Бұл жылқы суреті бар заттардан да, жерлеу заттарынан да, батырлар дастанынан да байқалады. Ат бұларда жолдас, соғыс қаруы, ата–бабалар әлемімен қарым–қатынас құралы ретінде белгілі.

Скиф заманындағы қоғам – потестарлық қоғам. Кез келген әскерде дәстүрлі болатын құндылықтар жүйесі – жауынгерлік айбын, қаһарман кейпіндегі бабаларға табыну, антқа адалдық, жауынгерлік намыс скиф әскеріне тән. Жауынгерлер өмірін құраған кейбір әдет–ғұрыптар қоғамда тараған құндылықтар жүйесі мен идеологияны көрсетеді. Мұндай әдет–ғұрыптардың қатарында атты марқұмға арнау ғұрпы бар. Мамандардың пікірінше, бұл жерде ат өлген адамды өлілер әлеміне тасымалдаушы, әрі жол көрсетуші ғана емес, сонымен қатар әлемдер арасындағы делдал ретінде де көрінеді. Аттың күн нышандарымен безендірілуі бұл жағдайда «өлген адамның жанының, оның игі істерінің және өлгеннен кейінгі сауабының күнмен байланысын» көрсетеді. Бұл ғұрыптың ары қарай өзгерген түрі – атқа белгілі бір жасау кигізу, жануарлар бейнелерімен безендіру. Мұндай түбегейлі өзгерудің, бетперде киюдің нәтижесінде ат «ғаламның түрлі аймақтарының шекараларынан өту, өлілер әлеміне жеткізу қабілеттеріне ие» қандай да бір жиынтық тіршілік иесіне құбылады. Сондай–ақ ат жабдықтарында көшпенділердің ғалам туралы түсініктері көрініс тапқан (Полидович Ю.Б., 2013, 207–208-бб.). Бұл жерде айналма түріндегі гүлөрнекпен және атпен байланысты екінші желі байқалады: соғыс және аңшылық.

Өрнек ат ер–тұрманының біріктіру және бекіту қызметін атқаратын бөлшектеріне түсірілген. Ежелгі дала тұрғындарының мифологиясындағы ат – әрі ата–бабалар әлеміне жету құралы, әрі патшаның мәңгілік өмірінің нышаны.

Атпен, оның жерлеу рәсімдеріндегі рөлімен, көшпенділердің мифология жүйесіндегі орнымен байланысты бейнелердің тағы біреуі – таутеке. Сарыарқаның бейнелеу ескерткіштеріндегі таутекенің бейнесі петроглифтерде де, ұсақ пластика заттарының өрнекті зерінде де кездеседі. Бұл жануардың бейнесі аттың ер–тұрманының және костюмнің зерінде бар.

Біріктірілген құс пен таутеке бейнелері Шерубайдан табылған жұқа селдір бұйымдардан (ыдыстың жалпақ алтын

составлявшие отчасти воинский быт, отражали ту систему ценностей, и ту идеологию, которая культивировалась в обществе. В ряду таких обрядов – обряд посвящения коня покойнику. По мнению специалистов, конь выступает здесь не только как перевозчик и проводник умершего в мир мертвых, но и как медиатор между мирами. Оформление коня солярными символами отражает в этом случае «связь души умершего, его благостных деяний и посмертного воздаяния с солнцем». Дальнейшая трансформация обряда – облачение коня в определенный убор, декорирование образами животных. В результате такого преобразования, как и надевания маски, конь перевоплощается в некое синкретическое существо, «обладающее качествами преодолеть границы зон мироздания, доставить в мир мертвых». А также в убранстве коня отражались представления кочевников о мироздании (Полидович Ю.Б., 2013, с. 207–208). Здесь прослеживается вторая линия, связанная с вихревой розеткой и конем, – война и охота.

Орнамент располагался на тех предметах конского снаряжения, которые сами по себе связаны с функцией соединения и крепления. Конь в мифологии древних жителей Степи – и средство достижения мира предков, и символ бессмертия царя.

Еще один из образов, связанный с конем, его ролью в погребальных обрядах, местом в мифологической системе кочевников – это горный козел, таутеке. Изображение таутеке в изобразительных памятниках Сарыарки зафиксировано и в петроглифах, и в декоре предметов мелкой пластики. Образ данного животного присутствует в декоре конского снаряжения и костюма.

Соединение образа птицы и таутеке прослеживается в скрытом виде в ажурных изделиях из Шерубая (накладка на сосуд из золотого листа). В абрисе данных предметов угадывается хищный крючковидно загнутый клюв, рог.

Изображения горного козла присутствуют на роговой пряжке из кургана 3 могильника Тасмола–5 (Кадырбаев М.К., 1966, с. 397, рис. 62). Пряжка в целом воспринимается как стилизованное изображение орлиной головы. Тасмолинская бляха представляет собой так называемую «загадочную картинку», в основе композиции которой находится массивная фигура кабана, по разные стороны от этой фигуры воспроизведены головы различных животных: хищника, копытного, козлов (рис. 6). Кроме того, из тасмолинского кургана 3 происходит золотая нашивная бляшка с изображением хищника с выпрямленными двумя передними лапами и повернутой анфас головой (Кадырбаев М.К.,



**6–сур.**
Көпфигуралы композиция. Тасмола
(Кадырбаев, 1966 бойынша)

**Рис. 6**
Многофигурная композиция.
Тасмола (по: Кадырбаев, 1966)



**7–сур.**
Аңдар бейнеленген қаптама. Бәйке–2
(Бейсенов және т.б., 2016 бойынша)

**Рис. 7**
Футляр с зоорморфным декором. Байке–2
(по: Бейсенов и др., 2016)

қаптамасынан) елеусіз ғана байқалады. Бұл заттардың түрпатынан ілмек тәрізді иілген жыртқыш тұмсық пен мүйіз бейнесін тануға болады.

Таутекенің бейнелері Тасмола–5 қорымының 3–обасынан табылған сүйек тоғада бар (Кадырбаев М.К., 1966, 397–б., 62–сур.). Тұтас алғанда, тоға қыран құстың басының стильдендірілген бейнесі түрінде келтірілген. Тасмола қапсырмасы өзінше бір «жұмбақ сурет» іспетті, оның композициясының негізі – көлемді қабан мүсіні, бұл мүсіннен әр жаққа қарай түрлі жануарлардың: жыртқыштың, тұяқты жануардың, таутекелердің бастары суреттелген (6–сур). Бұдан бөлек, Тасмоланың 3–обасынан алдыңғы екі аяғын жазып, басын тура бұрып тұрған жыртқыштың бейнесі бар алтын тігілмелі қапсырма табылды (Кадырбаев М.К., 1966, 398–б., 63, 3–сур.). Тұтас алғанда, олар скиф әлемінің түрлі аймақтарынан табылған осыған ұқсас бейнелер тобына кіреді. Ұқсас деуге боларлық қапсырмалар дәл сол Тасмола–5 қорымының 6–обасынан және Кичигино–1 қорымының 5–обасындағы 1–ші қабір шұңқырынан табылды (Таиров А.Д., Боталов С.Г., 2010, 4, 3–4–сур.). Оңтүстік Түгіскен қорымының 53–обасынан табылған бейне – ең ертедегі бейне (Итина, Яблонский, 1997, 44, 1; 78–сур.). Бұл топтағы бейнелердің басты ерекшелігі – жыртқыштың барлық төрт табанының суреттелгендігі, бұл скиф–сақ «аң стилінде» жануарларды бейнелеу дәстүрінен елеулі ауытқушылық болып табылады.

Ежелгі өнер жауһары – Бәйке–2 қорымының 7–обасынан табылған сүйек құты (7–сур). Бұйымның беті жануарлар бейнелерінен тұратын көп мүсінді композициямен шебер безендірілген. Бейнелер сүйектің бетін көркем ою техникасымен жасалған (Бейсенов А. және т.б., 2016).

Сюжеттегі орталық элемент – үш жыртқыштың киікті жәбір-

1966, с. 398, рис. 63, 3). В целом они входят в серию подобных изображений, найденных в разных регионах скифского мира. Почти аналогичные бляшки найдены в кургане 6 того же могильника Тасмола–5 и могильной ямы 1 кургана 5, могильника Кичигино–1 (Таиров А.Д., Боталов С.Г., 2010, рис. 4, 3–4). Наиболее ранним является изображение из кургана № 53 могильника Южный Тагискен (Итина, Яблонский, 1997, рис. 44, 1; 78). Главное отличие этой серии изображений – воспроизведение всех четырех лап хищника, что является существенным отступлением от принципов изображения животных в скифо–сакском «зверином стиле».

Шедевр древнего искусства – костяной футляр из кургана 7 мог. Байке–2 (рис. 7). Поверхность изделия искусно декорирована многофигурной композицией, состоящей из изображений животных. Изображения выполнены в технике художественной резьбы по кости (Бейсенов А. и др., 2016).

Центральным элементом сюжета является сцена терзания тремя хищниками сайгака. Всего на футляре проработаны изображения 16 животных и вихревого знака, одно показано сокращенно – в виде головы, все остальные – целые фигуры. К числу травоядных отнесено девять животных, в числе которых – сайгак, олень, кабан, безрогое животное. Изображения выполнены с помощью художественных приемов, присущих раннескифским/раннесакским образам и демонстрирует наличие композиции и сюжета. Мы видим удивительное сочетание так называемой «загадочной картинки» и присутствие сюжета.

Помещение в центре композиции более крупной фигуры животного можно расценивать с позиции способа передачи отдельных планов изображения, где размеры фигур уже

леу көрінісі. Құтыда барлығы 16 жануардың және айналма белгінің бейнелері жасалған, біреуі қысқартылған түрде – басы түрінде көрсетілген, барлық қалған бейнелер – тұтас мүсіндер. Шөпқоректілердің қатарына тоғыз жануар жатқызылды, соның ішінде киік, бұғы, қабан, мүйізсіз жануар бар. Бейнелер ерте скиф/ерте сақ бейнелеріне тән көркем тәсілдер арқылы жасалған және композиция мен сюжет көрініп тұр. Біз «жұмбақ суреттің» ғажап үйлескенін және белгілі бір сюжет бар екенін көреміз.

Композицияның ортасына үлкенірек жануар мүсінінің орналастырылғанын суреттің жеке бөліктерін жеткізу тәсілі ретінде бағалауға болады, мұнда мүсіндердің көлемі тамаша көріністі жеткізу тәсілі болып тұр. Мұндай құты сияқты заттардағы композицияларда кеңістік тұйықталып беріледі деуге болады. Құтылардағы «жұмбақ суреттердің» композициялық шешімі шеңбер түріндегі композицияны ортадағы негізгі мүсінмен және сюжетпен қиыстыруға, сөйтіп «жұмбақ сурет» тудыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда ерте сақ бұғытастары да құтылардағы «жұмбақ суреттерді» еске салады.

Бұғытастар мен сипатталып отырған құтының тағы бір ортақ тұсы – стильдік тәсілдері ұқсас. Бұғытастардың адам тәріздес екеніне қарамастан, мұнда да тастың бетін жануарлардың суреттеріне толтыруға тырысқаны көзге түседі. Бұған қоса мысық тектес жыртқыштар, сол сияқты бұғылар, аттар, қабандар, таутекелер бар. Бүгінгі таңда бұғытастар Орталық Азияның ерте скиф бейнелеу кешендерінің (скиф–сібір аң стилінің ерте қалыптасу және даму кезеңдері) ажырамас бөлігі болып саналады.

Зерттеушілер бейнелеу стилінің өзгерісін бақылау негізінде кешендер салыстырмалы түрде жүйелі екенін анықтады.

Орталық Азия аймағындағы ең ертедегі кешендер – Тамды (Памирская–1) қорымының 10–обасы және Үйғарақ қорымының 66–обасы (Арал өңірі).

Келесі мәдени–хронологиялық өріс – Быжы–Шілікті (Оңтүстік Түгіскен қорымының 55–обасы, Шілікті–3 қорымының Бәйгетөбе обасы, Шілікті қорымының 5 және 7 обалары). Бейнелілік тұрғысынан бұл өріс дененің түрлі бөліктерін тамшы тәрізді элементтермен бейнелеу арқылы белгілі, ол элементтердің жиынтығы (аузы мен танауын белгілеген кезде) өзгеше тұяқ тәрізді белгіні құрайды. Мұнымен қатар өзге бейнелеу дәстүрі де бар, оның негізгі өзгеше ерекшелігі – сақина үлгісін көп пайдалану (Үйғарақ қорымының 27, 28, 33 және 34–обалары, Талды–2 қорымының 2–обасы). Үшінші кезеңді Жалаулы кешенінің қалыптасқан және Аржан–2 обасының салынған уақытымен салғастырамыз.

«работают» на передачу перспективы. Можно предположить, что композиции на таких предметах как футляр имеют замкнутую организацию пространства. Композиционное решение «загадочных картинок» на футлярах позволяет совместить круговую композицию с ключевой фигурой и сюжетом в центре, и организацию «загадочной картинки». В этом аспекте раннесакские оленные камни также напоминают «загадочные картинки» на футлярах.

Оленные камни и описываемый футляр объединяет еще одно обстоятельство – сходные стилистические приемы. Несмотря на антропоморфность оленных камней, бросается в глаза то же стремление заполнить поверхность изображениями животных. Причем присутствуют как кошачьи хищники, так и олени, кони, кабаны, козлы. На сегодняшний день оленные камни считают неотъемлемой частью раннескифских изобразительных комплексов Центральной Азии (ранние этапы становления и развития скифо–сибирского звериного стиля).

Исследователям удалось установить относительную последовательность комплексов на основании наблюдений за изменением изобразительного стиля.

Наиболее ранними из комплексов центрально–азиатского региона являются курган 10 могильника Тамды (Памирская–1) и курган 66 могильника Уйгарак (Приаралье).

Следующий культурно–хронологический горизонт Биже–Шиликты (курган 55 могильника Южный Тагискен, курган Байгетобе могильника Шиликты–3, курганы 5 и 7 могильника Шиликты). Данный горизонт в плане изобразительности маркируется распространением каплевидных элементов изображения различных частей тела, которые в совокупности (при обозначении пасти и ноздри) образуют своеобразные копытовидный знак. Параллельно существует и иная изобразительная традиция, основной отличительной особенностью которой является широкое использование кольца (курганы 27, 28, 33 и 34 могильника Уйгарак, кургана 2 могильника Талды–2). Третий этап сопоставим со временем формирования Жалаулинского комплекса и сооружения кургана Аржан–2.

Изделия из раннесакских курганов Тасмолы позволяют высказать предположение о том, что традиция создания образов фантастических существ в раннекочевническом искусстве начала складываться уже в раннесакское время. Вызывает интерес положение кошачьих хищников в раннесакское время в декоре предметов Центральной Азии (Тува, Северный Китай) Возможно, здесь просматривается семантическая связь с идеей, воплощенной в бляшках из

Тасмола ерте сақ обаларынан табылған бұйымдар ертедегі көшпенділер өнерінде қиял–ғажайып тіршілік иелерінің бейнелерін жасау дәстүрі ерте сақ кезеңінде–ақ қалыптаса бастаған деп жорамалдауға мүмкіндік береді. Ерте сақ кезеңінде Орталық Азияның (Тыва, Солтүстік Қытай) заттарының зерінде мысық тектес жыртқыштардың орналасуы қызығушылық туғызады. Бұл жерде Жалаулы, Шілікті, Бәйгетөбе, Талды–2 кешендерінен табылған қапсырмаларда берілген идеямен мағыналық байланыс болуы ықтимал. Бұл Константин Чугуновтың Тываның, Хакас–Минусин ойпатының, орманды–далалы Алтай мен Қазақстанның ерте скиф кезеңіндегі өнерінің байланысы туралы тұжырымын, аң стилі өнеріндегі дәстүрлердің Орталық Азиядан Аржан–2 обасы кешенінен шыққанын растайды (Чугунов К.В., 2011).

Қазіргі таңда мол археологиялық материалдардың негізінде қазақстандық Талды–2, Шілікті, Бәйгетөбе, Жалаулы ескерткіштерінен және тывалық ескерткіштерден (Аржан–2) табылған ежелгі өнер заттарында қатар үлгілер бар екені анықталды. Тасмола мәдениетінің ерте кезеңіндегі басқа обалардан – Шерубай және Қарашоқыдан алынған жаңа жәдігерлер ерте сақ кезеңіндегі Тыва мен Орталық Қазақстан тұрғындарының мәдени байланыстарының желісін толықтырады. Ұлан–байтақ Жетісу – Сарыарқа – Оңтүстік Орал өңірі – Тыва аумағындағы бейнелеу ескерткіштерінен анықталған ұқсастықтар осы шөлді және таулы–далалы кеңістікті мекендеушілердің ерте сақ кезеңінде мәдени келбеті жағынан ұқсас қандай да бір біртұтас қоғам құрғанын айғақтайтыны сөзсіз.

## Арал өңірі сақтарының өнері

Оңтүстік Арал өңірінен табылған сақ кезеңіндегі өнер туындылары Қазақстан ғылымында басылым беттерінде әзірше екі қорымның – Оңтүстік Түгіскен және Ұйғарақ қорымдарының материалдары арқылы белгілі (Вишневская О.А., Итина М.А., 1971). Леонид Яблонскийдің пікірінше, Ұйғарақ кешендерінің мерзімі ж.с.д. VII–VI ғғ. шегінде белгіленеді. Зерттеуші жоғарғы шегін ж.с.д. VIII ғ. соңы деп ұзартуға болады дейді. Л. Яблонский Оңтүстік Түгіскен обаларының мерзімін сенімді түрде ж.с.д. VIII ғ. соңынан бастап белгілейді. Мұнда сондай–ақ ж.с.д. V ғ. объектілер де бар (Яблонский Л.Т., 2015). Марианна Итина мен Леонид Яблонскийдің пікірінше, ж.с.д. V–IV ғғ. ерте сақ дәстүрлерінің негізінде Шірікрабат мәдениеті қалыптасқан (Итина М.А., Яблонский Л.Т., 1997; Яблонский Л.Т., 2015).

Жалаулы, Шиликты, Байгетобе, Талды–2. Это подтверждает вывод Константина Чугунова о связи искусства раннескифского времени Тувы, Хакасско–Минусинской котловины, лесостепного Алтая и Казахстана, центрально–азиатское происхождение традиций искусства звериного стиля из комплекса кургана Аржан–2 (Чугунов К.В., 2011).

К настоящему времени на основе широкого круга археологических материалов выявлены параллели в предметах древнего искусства из казахстанских – Талды–2, Шиликты, Байгетобе, Жалаулы и тувинских памятников (Аржан–2). Новые находки, полученные из других курганов раннего этапа тасмолинской культуры – Шерубай и Карашокы, дополняют линии связей культуры населения Тувы и Центрального Казахстана в раннесакское время. Сходства, выявляемые в изобразительных памятниках столь обширной территории Жетысу – Сарыарка – Южное Приуралье – Тува, очевидно, свидетельствуют о том, что обитатели этого степного и горно–долинного пространства образовывали в раннесакское время некий единый сходный по облику культуры массив.

## Искусство саков Приаралья

Произведения искусства сакского времени из Южного Приаралья в казахстанской науке в публикациях пока представлены материалами из двух могильников – Южный Тагискен и Уйгарак (Вишневская О.А., Итина М.А., 1971). По мнению Леонида Яблонского комплексы Уйгарака датируются в пределах VII–VI вв. до н.э. Исследователь допускает, что, верхнюю границу можно удревнить до конца VIII в. до н. э. Курганы Южного Тагискена уверенно датируются Л. Яблонским с конца VIII в. до н.э. Здесь также присутствуют объекты и V в. до н.э. (Яблонский Л.Т., 2015). По мнению Марианны Итиной и Леонида Яблонского в V–IV вв. до н.э. на основе раннесакских традиций складывается чирикрабатская культура (Итина М.А., Яблонский Л.Т., 1997; Яблонский Л.Т., 2015).

Репертуар анималистических изображений состоит из следующих образов: хищная птица, лошадь, верблюд, кабан, кошачьи хищники, таутеке, олень, сайгак, олень (рис. 8). Круг изображаемых животных представлен известными в среде населения персонажами. Как считали Ольга Вишневская и Марианна Итина Итина изделия изготовлены местными мастерами (Вишневская О.А., Итина М.А., 1971).

Среди находок из Южного Приаралья присутствуют изображения кошачьих свернувшихся в кольцо. Для блях из



**8–сур.**
Оңтүстік Түгіскен және Ұйғарақ қорымдарынан табылған аң стиліндегі бейнелер (Яблонский, 2015, 4–сурет бойынша)

**Рис. 8**
Изображения в зверином стиле из могильников Южный Тагискен и Уйгарак (по: Яблонский, 2015, Рис. 4)

Хайуанаттар бейнелерінің түрлері мынадай: жыртқыш құс, жылқы, түйе, қабан, мысық тектес жыртқыштар, таутеке, бұғы, киік, бұғы (8–сур). Бейнеленетін жануарлардың түрлері – тұрғындар арасында белгілі кейіпкерлер. Ольга Вишневская мен Марианна Итина бұйымдарды жергілікті шеберлер жасаған деп санайды (Вишневская О.А., Итина М.А., 1971).

Оңтүстік Арал өңірінен табылған жәдігерлердің ішінде домаланып бүгілген мысық тектес жыртқыштардың бейнелері бар. Ұйғарақтан табылған қапсырмалардағы бейнелердің құлағы сәл шығыңқы, көздері мен құлақтары шоғырлас шеңберлер түрінде, олар табандары мен құйрығының сақина тәрізді ұшымен қосарласып тұр. Жыртқыштардың иілімді денесінде көбінесе бұлшықеттері айрықша көрсетілген.

Уйгарака характерно слабо выступающее ухо, глаза и уши в виде концентрических кругов, которые выглядят в унисон с кольчатым окончанием лап и хвоста. Пластичное туловище хищников чаще всего имеет подчеркнутую мускулатуру. Сравнивая экземпляры из Южного Приаралья с майемерскими, исследовательницы отмечают, что на изображениях из Уйгарака заметна тенденция к стилизации и что они моложе, чем персонажи из Майемера (Вишневская О.А., Итина М.А., 1971).

Совершенно удивительный пример вписывания изображений животных продемонстрирован на находке из кургана 45 могильника Южный Тагискен (рис. 9). Здесь на обрывке изображения в виде кошачьего хищника сохранился



**9–сур.**
Оңтүстік Түгіскен, № 45–оба. Жыртқыштың денесіне салынған жануардың бейнелері (Вишневская, Итина, 1971, 9–сурет бойынша)

**Рис. 9**
Южный Тагискен, курган № 45. Изображения животных, вписанные в поверхность туловища хищника (по: Вишневская, Итина, 1971, Рис. 9)

Оңтүстік Арал өңірінен табылған үлгілерді Майемердегі үлгілермен салыстырып, зерттеушілер Ұйғарақтан табылған бейнелерден стильдеуге беталыс байқалады және олар Майемердегі кейіпкерлерге қарағанда жастау дейді (Вишневская О.А., Итина М.А., 1971).

Жануарлар бейнесін бір бейненің ішіне кіргізіп жасаудың тамаша үлгісін Оңтүстік Түгіскен қорымының 45–обасынан табылған жәдігерден көруге болады (9–сур). Мұнда мысық тектес жыртқыш түріндегі бейненің үзігінде композициядан үзінді сақталған, сірә, оның орталық элементі екі шөпқоректі жануар – әдемі тарамдалған мүйізі бар бұғы мен мүйізсіз әдемі тұяқты жануар болған сияқты. Қос аң да бір–біріне қаратып орналастырылған – бұғы оңға қаратылған, екінші аң солға қаратылған, басы артқа бұрылған. Композицияны үлкен мүйіздің ұшы теңестіріп тұр. Қос жануар қарнына қарай аяқтары бүгілген қалыпта көрсетілген. Мысық тектес жыртқыштың құйрығы дөңгеленіп біткен. Жыртқыштың денесінде бір кездері біртұтас мәтінді құраған сызықтардың үзіктері байқалады. Композицияның мазмұны мен Орталық Қазақстанда А. Бейсенов экспедициясы зерттеген Бәйке–2 қорымынан табылған сүйек құтының бетіне түсірілген сюжеттің кейбір элементтерінің арасында ғажап ұқсастық бар (6–сур) (Бейсенов А. және т.б., 2016).

Оңтүстік Арал өңірінің ескерткіштеріндегі қырлары ойыс және ортасында нүктесі бар шаршы түріндегі өрнек элементімен қатар үлгілер Антонина Ермолаеваның қазу жұмыстары кезінде зерттелген Измайловка кешеніндегі ат ер–тұрманының элементтеріне салынған зерде бар. Ескерткіш Шығыс Қазақстанда Ертістің оң жағасында орналасқан (Ермолаева А.С., 2012). Оңтүстік Арал өңірінен табылған көрнекті жәдігерлер қатарына сондай–ақ ендірмелермен зерленген семсер жатады, ендірмелер бірінің соңынан бірі

фрагмент композиции, очевидно, центральным элементом которой являлась пара травоядных – оленя с роскошным ветвистым рогом и изящного безрогого копытного животного. Оба зверя расположены зеркально относительно друг друга – олень направлен вправо, другой зверь – влево с обернувшейся назад головой. Композицию уравновешивает крона массивного рога. Оба животных показаны с подогнутыми под брюхо ногами. Хвост кошачьего хищника завершается колечком. На поверхности туловища хищника прослеживаются обрывки линий, образовывавших некогда единый текст. Содержание композиции демонстрирует удивительное сходство с отдельными элементами сюжета, расположенном на поверхности костяного футляра из могильника Байке–2, исследовавшегося экспедицией А. Бейсенова в Центральном Казахстане (рис. 6) (Бейсенов А. и др., 2016).

Элемент орнамента в виде квадрата с вогнутыми сторонами и точкой в центре из памятников Южного Приаралья демонстрирует удивительные параллели, обнаруживаемые в декоре элементов конского снаряжения из комплекса Измайловка, исследовавшегося раскопками Антонины Ермолаевой. Памятник находится в Восточном Казахстане – на правом берегу Иртыша (Ермолаева А.С., 2012). К числу ярких находок из Южного Приаралья также относится меч, декорированный вставками, украшенными изображениями двух, следующих друг за другом, хищников (мог. Южный Тагискен, курган 55) (Артамонов М.И., 1973).

Анализ изобразительных памятников сакской культуры демонстрирует преемственность культур, о которой было сказано археологами предшествующих поколений (Кадырбаев М.К., 1966; Акишев К.А., Акишев А.К., 1997).

тұрған екі жыртқыштың бейнесімен безендірілген (Оңтүстік Түгіскен қорымының 55–обасы) (Артамонов М.И., 1973).

Сақ мәдениетінің бейнелеу ескерткіштерін талдау мәдениеттер сабақтастығын көрсетеді, мұны алдыңғы буын археологтар да айтқан болатын (Кадырбаев М.К., 1966; Акишев К.А., Акишев А.К., 1997).

## Шығыс Қазақстан сақтарының өнері

Шығыс Қазақстан аумағындағы өнер заттары Шілікті, Бәйгетөбе, Майемер, Берел сияқты көрнекті археологиялық ескерткіштер арқылы ғылым әлеміне жақсы таныс. Олар бойынша осы аймақтың, соның ішінде Қазақ Алтайы сақтарының ерте сақ кезеңінен бастап бірнеше ғасыр бойғы өнері туралы пайымдауға болады.

Скиф дәуіріндегі бейнелерді стильдік талдау бойынша және ескерткіштердің салыстырмалы және толық хронологиясы тұрғысынан (Боковенко Н.А., 1998, 86–87–бб.; 2014) олардың дамуындағы үш кезеңді бөліп көрсетуге болады: ерте (Аржан) кезең (ж.с.д. IX–VII ғғ.); орта (классикалық) кезең (ж.с.д. VI–III ғғ.); кейінгі (өтпелі) кезең (ж.с.д. II–I ғғ.).

Скиф кезеңіндегі өнерге жануарлар бейнелерінің тұрақты иконографиялық сұлбаларын жасау тән. Олардың белгілі бір мағыналық жүк арқалағаны сөзсіз және дәл сол ежелгі заман шеберлері көрсеткен қалпында «оқып–тануға келеді». Аяқтары бүгілген бұғы немесе бейнелі түрде айтылатын «ұшатын» бұғы Ордос пен Минусин ойпатынан бастап Қара теңіз өңіріне дейінгі аймақта белгілі. Көшпенділердің көне ескерткіштерінің ескі үлгілеріне тән бейне – домаланып бүгілген жыртқыш бейнесі туралы да соны айтуға болады (Чугунов К.В., 2011). Дәл осы бейнелер ең алдымен Шығыс Қазақстанмен байланыстырылады.

Ерте кезеңдегі жануарлар бейнесі мынадай белгілерге ие: «кенеттен тоқтаған» қалпында (аяқкиімдерде), басы жоғары қарай шалқайған, бұғылардың жамбастарында бұйра шиыршықтар бар. Орта кезеңде бейнелер қозғалыс қалпында салынған, жүріп бара жатқан – жүгіріп бара жатқан – жатқан жануарлар, сауыры аударылған қалпы, мүйіздерді стильдеу. Бұл кезеңде бұғы сондай–ақ шабуылдаған жыртқыштың құрбаны немесе жиынтық қиял–ғажайып тіршілік иесінің бір бөлігі ретінде көрсетілген (Боковенко Н.А., 2014, 6–б.).

Сақ өнеріндегі бұғылардың бейнелері үш негізгі типте көрсетілген, олар бейнеленген қалпына қарай айқындалады: 1) аяқтары төмен түсірілген және басы тура қойылған немесе сәл көтеріңкі; 2) аяқтары бүгілген және басы тура қойылған,

## Искусство саков Восточного Казахстана

Предметы искусства с территории Восточного Казахстана знакомы по ярким, хорошо известным научному миру археологическим памятникам – Шиликты, Байгетобе, Майемер, Берел. По ним можно судить об искусстве саков региона, в том числе Казахского Алтая, на протяжении нескольких веков – от раннесакского времени.

По стилистическому анализу изображений скифской эпохи и в контексте относительной и абсолютной хронологии памятников (Боковенко Н.А., 1998, с. 86–87; 2014) можно выделить три этапа их развития: ранний (аржанский) этап (IX–VII вв. до н.э.); средний (классический) этап (VI–III вв. до н.э.); поздний (переходный) этап (II–I вв. до н.э.).

Для искусства скифского времени характерны устойчивые иконографические схемы изображений животных. Они, безусловно, несли определенную семантическую нагрузку и были «читаемы» именно в том виде, в каком их показывали древние мастера. Олень с подогнутыми ногами или, как его образно называют, «летящий» олень, известен от Ордоса и Минусинской котловины до Причерноморья. То же можно сказать и об изображении свернувшегося в кольцо хищника – наиболее характерного образа архаического пласта кочевнических древностей (Чугунов К.В., 2011). Именно эти образы в первую очередь ассоциируются с Восточным Казахстаном.

Для раннего этапа характерны следующие признаки изображения животных: поза «внезапной остановки» (на пуантах), закинутая вверх голова, спиральные завитки на бедрах у оленей. Для среднего этапа характерны более динамичные позы, идущие – бегущие – лежащие животные, вывернутые крупы, стилизация рогов. В этот период олень также показан жертвой нападающего хищника или как часть синкретичного фантастического существа (Боковенко Н.А., 2014, с. 6).

Изображения оленей в сакском искусстве представлено тремя основными типами, определяемыми позой: 1) с опущенными ногами и прямо поставленной или слегка поднятой головой; 2) с подогнутыми ногами и прямо поставленной, слегка вытянутой вперед, иногда приподнятой головой; 3) с подогнутыми ногами и повернутой назад головой. Последний тип встречен пока только в восточных регионах евразийского пояса степей, к ним можно отнести изделия из Жалаулы (Жетысу). Олени в позе с опущенными ногами почти всегда показаны со свисающими копытами («на пуантах»). Достаточно часто воспроизведены все че-

сәл алға созылған, кейде сәл көтеріңкі; 3) аяқтары бүгілген және басы артқа бұрылған. Соңғы тип әзірше тек Еуразия даласының шығыс аймақтарында кездесті, оларға Жалаулыдан (Жетісу) табылған бұйымдарды жатқызуға болады. Аяқтары төмен түсірілген бұғылар тұяқтарының ұшымен тұрған қалыпта («пуантах қалпы») көрсетілген. Көбінесе барлық төрт аяғы суреттелген. Суреттердің бұл тобында бұғытастардағы суреттерге және Аржан–1 обасынан табылған таутеке бейнелеріне тән басты композициялық және стильдік белгілер үйлестірілген. Торевтика заттарының арасында мұндай суреттер Бұқтырмадан (Алтай) табылған қола айнада (Грязнов М.П., 1947, 4, 11–сур.; Самашев З., Ермолаева А., Кущ Г., 2008), Ұйғарақ қорымынан табылған қола қапсырмада (Вишневская О.А., 1973, XIV–кесте, 7) және т.б. бар. Бұқтырма айнасындағы бұғылардың мүйізінде бір иілген алдыңғы тарамы мен екі артқы тарамы бар, олар бірге ерте сақ кезеңіне тән белгі – S тәрізді мүсінді құрап тұр. Ерте сақ кезеңіндегі бұғы бейнелерінің тағы бір тобы мүйіздердің пішінімен ерекшеленеді: Ұйғарақ қорымының 41–обасы; Оңтүстік Түгіскен қорымының 45–обасы (Арал өңірі), Жалаулы кешені (Жетісу), Бәйгетөбе обасы (Шығыс Қазақстан), Шілікті қорымының 5–обасы (Шығыс Қазақстан), Талды–2 қорымының 5–обасы (Орталық Қазақстан). Одан бөлек, аяқтары бүгілген бұғылардың бейнелерінде аяқтарының өзара орналасуы ерекше: алдыңғы аяғы денесінің астына қарай қатты бүгілген, ал артқы аяғы алдыңғы аяғының астында орналасқан және онымен қатарлас. Кейінгі бейнелерде бүгілген аяқтары мен денесі қатар орналасқан. Тұтас алғанда, ерте скиф кезеңінде скиф әлемінің шығыс аймақтарында бұғы бейнелері үш негізгі желіде дамыған. Олардың әрқайсысы белгілі бір хронологиялық және мәдени–аумақтық тұрғыдан шоғырланған (Полидович Ю.Б., 2014).

Ең ертедегі үлгілерге жататын шөпқоректі жануарлардың бейнелері мерзімі ж.с.д. IX–VIII ғғ. деп белгіленетін Бұқтырма айнасында бар. Бұларда арқасы дөңес бұғылар бейнеленген, олардың төрт аяғы төмен салбыраған қалпында көрсетілген, бастары алға қарай және сәл жоғары көтеріңкі, көздері домалақ, үлкен, мүйізінің бір–екі алдыңғы тарамы бар.

Майемер жазығында ерте сақ петроглифтері бар жартастар орналасқан. Солардың ішінде «пуантах қалпындағы» бұғы бар, басы жоғары және алға қарай созылған, тарамдалған мүйізі артқа қарай қайырылған. Сондай–ақ қысқа аяқтары алға қарай созылған бұғының бейнесі белгілі, беті жоғары және алға қарай созылған, мүйізі бар, жотасындағы дөңес жері көрсетілген. Бұл сурет ерте сақ кезеңіндегі бұғытыре ноги. Данная группа изображений сочетает главные композиционные и стилистические признаки, характерные для рисунков на «оленных камнях» и для изображений горных баранов из кургана Аржан–1. Среди предметов торевтики подобные рисунки есть на бронзовом зеркале из Бухтармы (Алтай) (Грязнов М.П., 1947, рис. 4, 11; Самашев З., Ермолаева А., Кущ Г., 2008), на бронзовой бляшке из могильника Уйгарак (Вишневская О.А., 1973, табл. XIV, 7) и др. У оленей на бухтарминском зеркале рога имеют один изогнутый передний отросток и два задних, вместе образующих «S»–образную фигуру – характерный раннесакский признак. Другая раннесакская группа изображений оленей отличается формой рогов: курган 41 могильника Уйгарак; курган 45 могильника Южный Тагискен (Приаралье), комплекс Жалаулы (Жетысу), курган Байгетобе (Восточный Казахстан), курган 5 могильника Шиликты (Восточный Казахстан), курган 5 могильника Талды–2 (Центральный Казахстан). Кроме того, изображения оленей с подогнутыми ногами отличаются особым взаиморасположением ног: передняя нога сильно подогнута под туловище, а задняя нога расположена под передней и параллельна ей. Для более поздних изображений характерно параллельное расположение линии согнутых ног и линии туловища. В целом, в раннескифское время в восточных регионах скифского мира существовало три основных линий развития изображений оленей. Каждая из них имеет определенную хронологическую и культурно–территориальную локализацию (Полидович Ю.Б., 2014).

Изображения травоядных животных, относимые к самым ранним образцам, расположены на Бухтарминском зеркале, датируемом IX–VIII вв. до н.э. Для них характерны олени с горбиком, у них показаны четыре ноги, свисающие вниз, головы подняты вперед и чуть–чуть вверх, глаза круглые большие, рога с одним–двумя передними отростками.

В долине Майемер расположены скалы с раннесакскими петроглифами. Среди них – олень, показанный на «пуантах», с вытянутой вверх и вперед головой, ветвистые рога откинуты назад. Также известно изображение оленя с вытянутыми вперед укороченными ногами, морда вытянута вверх и вперед, рога, показан выступ на холке. Это изображение перекликается с раннесакскими «летящими» оленями на «оленных камнях». Здесь же изображен свастический знак с окончаниями в виде протомы горного козла, всего шесть лучей (рис. 10) (Самашев З., 2006).

В 1960 г. С. Черниковым были исследованы курганы Шиликты в северных отрогах Тарбагатайского хребта в Вос-



**10–сур.**
Триквестр бейнеленген ком позици ясының бөлігі. Майемер
(Самашев, 2006 бойынша)

**Рис. 10**
Фрагмент композиции с изображением триквестра. Майемер
(по: Самашев, 2006)



**11–сур.**
Шауып бара жатқан бұғылар бейнеленген әшекейлер, Бәйгетөбе обасы

**Рис. 11**
Бляшки с изображением летящих оленей, курган Байгетобе



**12–сур.**
Дөңгелене иілген мысық тектес жыртқыш бейнелі әшекей, Бәйгетөбе обасы

**Рис. 12**
Бляшки с изображением свернувшегося в кольцо кошачьего хищника, курган Байгетобе

тастардағы «ұшатын» бұғылармен үндеседі. Мұнда ұштары таутекенің бас мүсіні түріндегі свастикалық белгі бейнеленген, барлығы алты сәуле бейнеленген (10–сур) (Самашев З., 2006).

1960 ж. С. Черников Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай жотасының солтүстік тау сілемдеріндегі Шілікті обаларын зерттеді. Үлкен 5–обаның (диаметрі – 66 метр, биіктігі – 6 метр) құрылысы күрделі болды, саз, тастар, ағаш пайдаланылған. Тоналғанына қарамастан, обада бірге жерленген бай кешен болды: 13 қола жебе, алтын бұйымдар (қорамсақты безендіріп тұрған бұғылар түріндегі, қыран құстар мен домаланып бүгілген мысық тектес жыртқыштар түріндегі қапсырмалар, жұқалтырдан кесілген қабан бейнелері, балық бейнелері, құс түріндегі қапсырма, қадама және т.б.). Олардың кейбіреуі көгілдір ақықпен бедерленген және түйір әшекеймен безендірілген (Черников С.С., 1964). Мерзімі: ж.с.д. VIII ғ. соңы – VII ғ. басы.

Шілікті қорымынан табылған суретте шартты түрде точном Казахстане. Огромный курган 5 (диаметр – 66 м, высота – 6 м) имел сложную конструкцию с использованием глины, камней, дерева. Несмотря на ограбление, курган содержал богатый сопроводительный комплекс: 13 бронзовых наконечников стрел, золотые украшения (бляхи в виде оленей, украшавшие колчан, в виде орлов и свернувшихся в кольцо кошачьих хищников, вырезанные из фольги изображения кабанов, изображения рыбы, бляшка в виде птицы, нашивки и др.). Некоторые из них инкрустированы бирюзой и украшены зернью (Черников С.С., 1964). Датировка: конец VIII – начало VII вв. до н.э.

Для изображения из могильника Шиликты характерны изображения оленей, условно названные «летящими», уши и глаза оленей инкрустированы бирюзой. Видимо, эта метафора очень удачно отражает семантическое наполнение изображений – они были помещены на колчане, и отображает значение раннескифских оленей как жертвы (рис. 11).

Изображения орлов представляют собой контурное про-

«ұшатын» деп аталған бұғылар бейнеленген, бұғылардың құлақтары мен көздері ақықпен бедерленген. Бұл метафора бейнелердің мағыналық жағынан толығуын өте жақсы ашатын сияқты, олар қорамсаққа салынған және ерте скиф бұғыларының құрбан ретінде мағынасын ашып тұр.

Қыран құс бейнелері – басы артқа бұрылған, пішінді, қырынан қарағандағы бейне. Құстың мұндай қалпы құсқа тән бейнені өте жақсы жеткізген, көзі – көгілдір ақық тағылған шеңбер түрінде. Жыртқыш тұмсығының көбесі және жалғанған тұсы көрсетілген. Отырған құстың ұзын тырнақтары сақина түрінде белгіленген.

Обадан табылған қапсырмалардың тағы бір түрі – домаланып бүгілген мысық тектес жыртқыштың бейнелері. Жыртқыштардың бейнелері ерте скиф/ерте сақ бейнелеріне тән көркем тәсілдердің көмегімен жасалған. Жыртқыштың бейнеленген қалпы, көздерінің, ашылған аузының және танауының шеңберлер түрінде белгіленуі, табандарының және құйрық ұшының сақина тәрізді болып келуі осы тәсілдерге жатады.

Владимир Кисель жыртқыштың екі бағытта бейнеленуінің – шынайы бейнелеу мен сұлбасын жасаудың арасында айтарлықтай хронологиялық алшақтық болмаған деп санайды (Кисель В.А., 1994, 111–б.). Әлі күнге дейін домаланып бүгілген жыртқыштың не мағына беретіні туралы ортақ пікір жоқ.

Шіліктідегі заттар кешеніне алтын жұқалтырдан кесілген қабан бейнелері де кіреді. Бұлар – кенеттен тоқтап, «тұяқтарының ұшымен» тұрған қалыптағы жануардың қырынан қарағандағы пішіні. Өзіне тән қысық көздері ойық түрінде берілген, шоқтығы үлкен.

Шілікті қорымының 5–обасынан табылған топтамада ерте сақ кезеңінде өте сирек кездесетін, бүгілген жалпақ алтыннан жасалған балық бейнесі бар. Оған ернеу тәрізді және көгілдір ақықтың жұқа тіліктері түрінде көздері, жүзбеқанаттары және құйрығы дәнекерлеген. Бейне дәнекерленген түйір әшекейлерден жасалған алқалармен толықтырылған.

Ерте сақ кезеңіндегі домаланып бүгілген қабылан бейнесінің тағы бір үлгісі – Майемер жазығынан табылған алтын тіліктердегі бейне. Олар 1911 жылы обаны зерттеген кезде дөңгелек қоршаудан табылды. Майемерден табылған тіліктер шынайы нақышта жасалған. Тұтас бейненің шынайы жеткізілуі оны жасаған шебер заттың өзімен таныс болған деуге мүмкіндік береді. Бұл бейнелер жергілікті Алтайдан шыққан, оларда жолбарыс бейнеленген деп жорамалдауға болады. Мамандардың пікірінше, бұл бейнелерде суретшінің жануар денесінің кейбір бөліктерін бейнелеуі мен жануардың тұтас қалпының арасында бірден байқалатын

фильное изображение с обращенной назад головой. Поза очень удачно передает узнаваемый характерный образ птицы, глаз – в виде окружности со вставкой из бирюзы. Хищный клюв с выделенной восковицей и обозначенным разъемом. Длинные когти сидящей птицы обозначены кольцом.

Еще один тип бляшек из кургана – изображения свернувшегося в кольцо кошачьего хищника. Изображения хищников выполнены с помощью художественных приемов, присущих раннескифским/раннесакским образам. К ним относится сама поза хищника, обозначение глаз, раскрытой пасти и ноздрей кружками, кольчатость лап и окончания хвоста (рис. 12).

Владимир Кисель считает, что между двумя направлениями образа хищника – реалистическим и схематическим – не существовал значительный хронологический разрыв (Кисель В.А., 1994, с. 111). О смысловой нагрузке свернувшегося в кольцо хищника до сих пор нет общепринятого мнения.

В предметный комплекс Шиликты входят также изображения кабана, вырезанные из золотой фольги. Представляют собой профиль животного в позе внезапной остановки, «на кончиках копыт». Обозначены вырезами характерные узкие глазки, выделен мощный загривок.

В коллекции из кургана 5 могильника Шиликты известно довольно редкое для раннесакского времени изображение рыбы, сделанное из согнутого золотого листа. К нему припаяны глаза, плавники и хвост в виде бортиков и тонких пластинок бирюзы. Изображение дополнено цепочками из напаянных шариков зерни.

Еще одним примером раннесакской «пантеры», свернувшейся в кольцо, является изображение на золотых пластинах из Майемерской долины. Они были найдены в 1911 г. в кольцевой выкладке при исследовании кургана. Пластины из Майемера выполнены в реалистической манере. Правдивая передача образа в целом позволяет предполагать, что мастер был знаком с натурой. Можно предположить, что эти изображения имеют местное алтайское происхождение, на них изображен тигр. По мнению специалистов, в этих изображениях можно увидеть резкое противоречие между решением художником отдельных частей тела и всей позой животного. Оскаленная пасть, поджатые лапы, торчащие над профилем спины лопатки, поднятый конец хвоста характерны для животного, находящегося в состоянии крайнего напряжения, в то время как поза в целом – свёрнутое в кольцо тело, типична для отды-

қайшылық бар. Жағының ақсиюы, аяқтарын астына басуы, арқа сұлбасының үстінен жауырынның шығып тұруы, құйрық ұшының көтеріліп тұруы өте алаңдаулы күйдегі жануарға тән, ал бейнеленген тұтас қалпы – денесінің домаланып бүгілуі демалып жатқан мысыққа тән. Скиф–сақ әлеміне кіретін шектес аудандардағы стильдеу үлгісі мен үндестігіне қарамастан, пішіні жапырақ тәрізді құлағынан, жалпақ бетінен, доғал пішінді тұмсығынан өзгешелік байқалады (Баркова Л.Л., 1983). Тұтас алғанда, бүгілген аң әлемнің бастамасы туралы, дүниенің жаралуы туралы мифологиялық түсініктермен байланысты.

Ерте сақ кезеңіндегі аң бейнесіндегі суреттің сұлбасын салу дәстүрі Измайловка ауылындағы қорымнан табылған тұтқалы айнадан байқалады. Оның бүкіл қырына домаланып бүгілген қабыланның пішінді суреті салынған. Айна жақтауының жоғарғы бөлігінде біраз дөңес тудырып тұрған қабыланның иық пішіні айнаның аса маңызды бөлшегін құрайды.

Бүгінгі таңда зерттелген Шілікті–2 тобындағы 1–оба – үлкен құрылым: оның сақталған биіктігі – 7,9 метр; көлемі – 99×97,4 метр. Жергілікті халық оны Бәйгетөбе деп атайды (Самашев З., Толеубаев А., Джумабекова Г., 2004, 140–158–б.; Толеубаев А.Т., 2011).

Қазба жұмыстары барысында обадан безендірілген тақтайшалардың 15 үзігі табылды. Олардың біреуінде кермарал бейнеленген. Оның құлақтары қызыл бояумен салынған. Басы, мойыны, денесі бедерленіп жасалған және ашық қоңыр түсті бояумен толтырылған, иығы мен жамбасында тұмсық түріндегі белгілер суреттелген. Бейненің қалған бөліктері ашық сары, қоңыр, қызыл және жасылдау түсті бояудың көмегімен жасалған. Тақтайшаның тағы бір бөлігі шөпқоректі жануардың басының бейнесімен безендірілген. Қалған тақтайшаларда көп түсті стильде жасалған аң тәрізді бейнелердің үзіктері сақталған.

Ерекше көзге түсетін күрделі композицияның негізін геральдикалық тәртіпте орналастырылған таутекелердің бас мүсіндері және құстар құрайды, олардың қанаттары бір жағынан осы жануарлардың мойындары болып тұр. Таутекелердің жапырақ тәрізді құлақтары, домалақ көздері, танауы мен ерні көгілдір ақықпен белгіленген.

Қарама–қарсы жақтарға бұрылған екі бұғының бас мүсінінен құралған композиция ерекше мағынаға толы. Жануарлардың мойындары бедерлеп көрсетілген үшкір жоталарымен біріктірілген, бастары алға қарай және жоғары созылған. Үлкен құлақтары мен домалақ көздерінде ендірмелер қоятын ұяшықтар бар. Бұғылардың жоғары

хающей кошки. Несмотря на перекличку со стилизацией в сопредельных районах скифо–сакского мира, ухо листовидной формы, широкая морда с тупым носом демонстрирует своеобразие (Баркова Л.Л., 1983). В целом свернувшийся зверь соотносится с мифологическими представлениями о начале мира, о его сотворении.

Традиция раннесакского контурного зооморфного рисунка фиксируется на зеркале с ручкой из могильника у с. Измайловка. На нем по всему полю размещено контурное изображение свернувшейся в кольцо пантеры. Чрезвычайно важной деталью является то, что контур плеча пантеры создаёт в верхней части диска зеркала небольшой выступ.

Изученный в наши дни курган 1 группы Шиликты–2 представляет собой огромное сооружение: сохранившаяся высота его – 7,9 м; размер 99×97,4 м. Местным населением он именуется «Байгетобе» (Самашев З., Толеубаев А., Джумабекова Г., 2004, с. 140–158; Толеубаев А.Т., 2011).

В процессе раскопок в кургане были найдены 15 фрагментов расписных планок. На одной из них изображена лань. Ее уши нарисованы красной краской. Голова, шея, туловище выделены рельефом и заполнены светло–коричневой краской, на плече и бедре воспроизведены знаки в виде клюва. Остальные части изображения выполнены с помощью краски светло–желтого, коричневого, красного и зеленоватого цвета. Другой фрагмент планки украшен изображением головы травоядного животного. На остальных планках сохранились фрагменты зооморфных изображений, выполненные в полихромном стиле.

Особо выделяется сложная композиция, основу которой составляют протомы горных козлов, расположенные в геральдической позе, и птицы, распростертые крылья которой одновременно являются шеями этих животных. Листовидные уши, округлые глаза, ноздри и губы козлов выделены бирюзовыми вставками.

Особым смыслом наполнена композиция, образованная двумя протомами оленей, развернутыми в противоположные стороны. Шеи животных, соединенные выделенными инкрустацией приостренными холками, головы вытянуты вперед и вверх. Большие уши и округлые глаза – с гнездами для вставок. Рога оленей, направленные вверх, соединяются вверху, имеют S–видные отростки.

Следующую категорию находок составляют бляшки с профильным изображением хищной птицы с повернутой назад головой. Интерес представляют 38 литых бляшек в виде хищника, напоминающего медвежонка. Он показан в профиль, стоящим на коротких толстых ногах с крупны-

бағытталған мүйіздері жоғары жағында бірігіп кеткен, S тәрізді тарамдары бар.

Келесі санаттағы жәдігерлерді басы артқа бұрылған жыртқыш құстың қырынан қарағандағы бейнесі бар қапсырмалар құрайды. Қонжыққа ұқсас жыртқыш түріндегі 38 құйылған қапсырма қызығушылық туғызады. Ол қырынан тұрған қалпында көрсетілген, аяғы қысқа әрі жуан, тырнақты, үлкен табанды, басы үлкен, төмен қаратылған, құйрығы қысқа. Жауырындары шығыңқы дөңесі бар жалпақ бедер түрінде көрсетілген. Көздері мен құлақтары бедерленген.

Құйылған ең көлемді тігілмелі қапсырма – тұрған таутекенің оңға қарай қырынан қарағандағы бейнесі. Жануар тұяқтарының ұшымен тұр, жауырыны мен жамбасы жалпақ бедер түрінде келтірілген, арқасындағы дөңес көрсетілген, басы алға қарай созылған. Пішіні тамшы тәрізді көздері мен құлақтары, сондай–ақ танауы мен аузы, тұяқтары мен буындары көгілдір ақықпен берілген. Бұл бейнеге ұқсас үлгілер Тывадағы Аржан–2 обасынан шықты.

Скиф–сібір әлемінің ескерткіштерінде өте сирек кездесетін ең жұмбақ бұйым – жануар сүйегімен жиектелген бес бұрышты лазурит жұлдыз түрінде жасалған, қалқаншасы бар дөңгелек алтын қапсырма.

Бұл кешеннен табылған бұғылар мен таутекелердің бейнелерін ерекшелейтін айқын стильдік бөлшегі – аузы мен танауының тамшы тәрізді ойықтар түрінде белгіленуі, олар үйлесіп, тұяқ тәрізді белгіні құрайды. Мұндай сипат Қазақстан, Кавказ сырты, Солтүстік Кавказ және Солтүстік Қаратеңіз өңірі аумағынан табылған бір топ бейнелерге тән. Юрий Полидовичтің пікірінше, ол – «аң стиліндегі» бейнелердің белгілі бір біркелкі тобының маңызды мәдени–хронологиялық белгісі (Полидович Ю.Б., 2015).

Аузы мен танауы тамшы тәрізді ойықтар түрінде белгіленген таутеке бейнесі Шілікті қорымының 7–обасынан табылды. Таутекенің мүйізіндегі жұмыр дөңестер үш қыран құстың басы түрінде стильденген. Қысқа құйрығы да қыран құстың басы түрінде көрсетілген. Мамандар бұл суретті аң тәрізді бейнеге айналдыру тәсілі қолданылғандардың қатарында ең көне суреттердің бірі деп санайды. Аң тәрізді бейнеге айналдыру тәсілі Шілікті–3 қорымының Бәйгетөбе обасындағы жыртқыштардың табандарын жыртқыш құстың басы/тұмсығы түрінде бенелеуде пайдаланылған.

Тұяқ тәрізді белгілер скиф заманында Еуразия даласында және оған көршілес аймақтарда, ең алдымен, Орталық Азия аймағында барынша кең тараған. Орталық Азия аймағындағы Шілікті ескерткіштері мен Солтүстік Кавказ аймағындағы Днепр маңы орманды даласындағы Келермес мәдени

ми когтистыми лапами, с опущенной массивной головой, коротким хвостиком. Широким рельефом с выступающим горбиком показаны лопатки. Глаза и уши имели инкрустацию.

Самая массивная литая нашивная бляха  стоящего козла, профильное изображение вправо. Животное стоит на кончиках копыт, широким рельефом выделены лопатка и бедро, показан горбик, голова вытянута вперед. Каплевидные глаза и уши, а также ноздри и рот, копыта и сустав обозначены бирюзовыми вставками. Ближайшие аналогии данному изображению происходят из кургана Аржан–2 в Туве.

